ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 81 (3908)
30 қазан 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

2-БЕТ



Заң, қоғам, ар алдындағы жауапкершілік – судья еңбегінің өлшемі

4-БЕТ



Ғұмыр-ғайып
ардақты азамат, білікті заңгер Балапан Әбенов туралы естелік

8-БЕТ



Ақылы мектептегі баға сапаға сай ма?

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ ЖАҢА МІНДЕТТЕРІ АЙҚЫНДАЛДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты кезекті жолдауын жариялады. Бұл жолдаудың ерекшелігі – оның елдің саяси жүйесі жаңарып, жаңа Конституция күшіне енгеннен кейінгі алғаш жасалып отырғандығында. Ең бастысы – жаңа саяси, экономикалық жағдай халықтың күнделікті өміріне қандай өзгеріс әкеледі? Жолдаудың негізгі салмағы да осында.

(Жалғасы 3-бетте)

БӘРЕКЕЛДІ

ПАРАЛИМПИАДА ШЕБЕРЛЕРІ ҮЗДІК ОНДЫҚҚА ЕНДІ

Жапонияда өткен V жазғы Пара Азия ойындары Қазақстан үшін сәтті болды. 45 елдің спортшысы қатысқан бұл байрақты бәсекеде ел құрамасы өз тарихында алғаш рет үздік ондыққа енді. Дәлірек айтқанда 12 алтын, 16 күміс, 22 қола медальмен жалпыкомандалық есепте тоғызыншы орыннан көрінді.



Құрама қоржынына ең көп жүлде пара дзюдошылар (5 алтын, 1 күміс, 7 қола – жалпы 13 медаль) салып, бұл спорт түрінен жалпыкомандалық есепте бірінші орынға ие болды. Сол сияқты пара велоспорт нағыз жаңалыққа айналды. Спортшыларымыз трек пен тас жолдағы сында 4 алтын медаль еншіледі. Пара жүзу мен пара пауэрлифтинг дәстүрлі түрде өз деңгейін сақтап қалса, тарихи серпіліс пара үстел теннисі мен пара садақ ату спорт түрінде тіркелді. Осы уақытқа дейін бұл екі бағыттан Азия деңгейінде жүлде бұйырмаған еді. Нагоя төріндегі алғашқы медальдар елдегі спорттық географияның кеңейгенін және жаңа секциялардың жұмысы нәтиже бере бастағанын көрсетті. Биыл сонымен қатар Еркін Ғаббасов (оқ ату), Давид Дегтярев (пауэрлифтинг), Диас Кенжебек (100 метрге арқамен жүзу, S10 санаты) және Айсұлу Сүлейменова (100 метрге жүгіру) Азия рекордын жаңартып, есімі спорт тарихына енді. Ал ең бастысы құрлықтық додадағы жеңістерден кейін халықаралық рейтингте Қазақстан спортшыларының позициясы жақсарды. Бұл 2028 жылы Лос-Анжелесте өтетін Паралимпиадаға рекордтық көлемде жолдама алуға мүмкіндік береді. Яғни, ұлттық құраманың бұл жетістігі кездейсоқтық емес, жүйелі дайындық пен спортшылардың теңдессіз ерік-жігерінің жемісі деуге болады. Өйткені кейбір спорт жанкүйерлері көршілес Өзбекстан құрамасының Қытай мен Жапонияға ғана жол беріп (45 алтын, 49 күміс, 51 қола) 3-орын алуын алға тартып, Қазақстан Орталық Азиядағы көшбасшылығын жоғалтуда деп дабыл қағуда. Оның келісетін де, келіспейтін де тұсы бар. Мысалы, Қазақстан құрамасы 2010 жыл Гуанчжоуда 22-орынды (2 күміс, 5 қола) қанағат тұтқан. 2014 жылы Инчхонда – 11 (7 алтын, 6 күміс, 11 қола), 2018 жылы Джакартада – 13 (5 алтын, 15 күміс, 13 қола), 2023 жылы Ханчжоудан – 11 (8 алтын, 132 күміс, 21 қола) орын алды. Яғни, Қазақстан параспорты алға жылжымаса, кері кеткен жоқ. Мәселенің бәрі тек әлеуетті кім, қалай пайдаланды деген сауалға келіп тіреледі.

Енді V жазғы Пара Азия ойындарының қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасының басым және әлсіз тұсына көз жүгірткен жөн. Өйткені паралимпиадалық құрама алдында екі үлкен белес тұр. Олар: Лос-Анджелес–2028 жазғы паралимпиада ойындары және Доха–2030 VI жазғы Пара Азия ойындары.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

ЮНЕСКО статистика институтының дерегіне сай 2023 жылы әлемдегі зерттеушілердің 31,4 пайызы нәзік жандылар болған (2013 жылы 29,5 пайыз еді). Бұл ғылымдағы әйелдер үлесінің онжылдықта өте баяу өскенін көрсетеді. Қызығы, бакалавриатта әйелдер 52 пайыз, магистратурада 55 пайыз, докторантурада 47 пайыз, яғни білім алу кезеңінде теңдік бар. Ал зерттеуші болғанда үлес төмендейді. STEM бойынша түлектердің 35 пайызы ғана әйел. Басшылық деңгейде айырма тіпті үлкен: ұлттық академиялардағы әйелдер үлесі 19 пайыз ғана.

Орталық Азия бұл тұрғыдан ерекше аймақ: мұнда зерттеушілердің 51,2 пайызы әйелдер, ал Оңтүстік және Батыс Азияда 26,9 пайыз, Шығыс Азия мен Тынық мұхитында 26,6 пайыз. Қазақстанда көрсеткіш одан да жоғары: 2025 жылы әйелдер зерттеумен айналысатын мамандардың 55,4 пайызын құраған. 2025–2027 жылдарға арналған жобалардың 57 пайызында, «Жас ғалым» жобаларының 63,4 пайызында ғылыми жетекші әйелдер болған. Бірақ технология салаларында көрсеткіш төмен: 2025–2026 оқу жылында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағытында зерттеу жүргізген әйелдер үлесі 24,4 пайыз, инженерия, өңдеу және құрылыс бағытында 31,3 пайыз деңгейінде.

Қазақ журналистикасында өзіндік қолтаңбасымен танылған Есенгүл Кәпқызы да медиазерттеумен тыңғылықты айналысып келеді. Ол ғылымға университет бітіре салып келген жоқ. Жиырма жыл журналистикада жүріп, кейін өз саласының олқылықтарын көріп, соны зерттеуге бел буды. Тәжірибелі журналистпен ғылыми зерттеудегі әйелдердің орнына қатысты әңгіме өрбіткен едік.

Есенгүл КӘПҚЫЗЫ, *медиа зерттеуші, профессор:*

«ҚИЫНЫ – ҒЫЛЫМДАҒЫ «ПСЕВДО ЖОЛМЕН» КҮРЕСУ»

– Ғылым жолын таңдауыңызға не себеп болды?

– Бала кезімнен журналист болуды армандадым. Журналист болуыма екі адам ықпал етті. Біріншісі – анам. Ол кісі мектеп кітапханасының меңгерушісі, айтыс ақыны әрі журналист болған. Баянөлгейде шығатын «Жаңа өмір» газетінде ауыл туралы шағын заметкалары үнемі жарияланып тұратын. Әр мақаласында автор ретінде Егеухан Мұхамәдиқызы деп анамның аты шығатын. Газетте есіміңнің қатталып тұруы мені қатты қызықтыратын. Екіншісі – туған әпкем Бұлбұл Кәпқызы. Мен 1-сыныпта жүргенде ол 4-5-сыныпта оқып, жергілікті ақпарат құралдарына, «Қазақстан пионері» газетіне, «Балдырған» журналына хат-мақала жіберіп, мақталып жүретін. Университетті бітірген соң балалық арманның жетегімен қазақ журналистикасына білек түріп араласып кеттік. Ол кезде ғалым боламын деп мақсат қойған жоқпын. Алайда адамның өмірлік ұстанымы өзгереді екен.

Журналистикада 20 жыл жұмыс істедім. Сол кезде журналистерді дайындайтын оқу құралдарының жұтаңдығын, көпшілігінің орысшадан аударылатынын көрдім.

(Жалғасы 8-бетте)

ШАРА

СУДЬЯЛАР ОДАҒЫ: ТАРИХ, ТӘЖІРИБЕ, ТАҒЫЛЫМ

ҚР Жоғарғы Соты мен ҚР Судьялар одағының ұйымдастыруымен Республика күніне және Судьялар одағының құрылғанына 30 жыл толуына орай мерекелік іс-шара өтті. Салтанатты жиынды Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек МЕРҒАЛИЕВ ашып, қатысушыларды мерекемен құттықтады.



Жоғарғы Сот төрағасы Республика күнінің еліміздің тарихындағы, ұлттық мемлекеттілігімізді нығайтудағы, ел бірлігі мен тәуелсіздіктің қадір-қасиетін дәріптеудегі маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, Судьялар одағының құрылғанына 30 жыл толуына орай құттықтау сөзін арнап, одақтың кәсіби судьялар қауымдастығын қалыптастырудағы және еліміздің сот жүйесін дамытудағы рөліне тоқталды.

Мемлекет басшысы айқындаған «Заң және тәртіп» қағидатын іске асыру туралы айта келе, сот жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар мен олардың негізгі нәтижелеріне де тоқталды.

Іс-шара барысында Судьялар одағының төрағасы Досжан Әмір құттықтау сөз сөйлеп, Республика күнінің тарихи маңызы мен Судьялар одағының отыз жыл ішінде атқарған жұмыстары туралы баяндады. 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Мемлекеттік егемендік туралы декларация еліміздің тәуелсіздікке бастар жолындағы маңызды тарихи қадам болғанын жеткізді. Сондай-ақ Республика күні ұлттық мемлекеттілігімізді дәріптейтін, тәуелсіздігіміздің қадірін ұғындыратын және ел бірлігін нығайтатын айрықша мереке екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған «Әділетті Қазақстан» құру міндеттері аясында сот билігінің маңыздылығына ерекше назар аударды. Сонымен қатар сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан ардагер судьялардың еңбегі атап өтілді. Аға буын өкілдерінің кәсіби білімі, мол тәжірибесі мен адал қызметі кейінгі ұрпаққа үлгі екенін жеткізіп, олардың судьялар қауымдастығының кәсіби дәстүрін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратындығын айтты.



Құрылғанына биыл 30 жыл толып отырған Судьялар одағы осы кезең ішінде судьялардың кәсіби мүддесін қорғау, мәртебесін арттыру, сот тәуелсіздігін қолдау және сот төрелігінің сапасын жетілдіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп жатқанына ерекше тоқталды. Сондай-ақ, Судья әдебі кодексінің маңызы, судьялардың кәсіби жауапкершілігі мен адамгершілік қасиеттері, Одақ съездерінің сот жүйесін дамытудағы рөлі және халықаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелері сөз болды.

Салтанатты іс-шара аясында сот жүйесінің дамуына елеулі үлес қосқан судьялар қауымдастығының өкілдері мен сот ардагерлері мерекелік марапаттармен марапатталды. Бұл марапаттар олардың көп жылғы адал еңбегі мен кәсіби қызметіне көрсетілген құрметтің айқын белгісі болды. Мерейтойлық жиын судьялар қауымдастығының бірлігін нығайтуға, сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан азаматтардың еңбегін ұлықтауға және кәсіби сабақтастықты дәріптеуге арналды.

Салтанатты кеш Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры әртістерінің орындауындағы «Шәмші» қойылымымен қорытындыланды. Театр әртістерінің шебер орындауы көрермендерге ерекше әсер қалдырып, мерекелік кештің мазмұнын байыта түсті.

Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі

КЕЛБЕТ

ЗАҢ, ҚОҒАМ, АР АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК – СУДЬЯ ЕҢБЕГІНІҢ ӨЛШЕМІ

Адам өмірінде жүріп өткен жолына жаңаша көз салуға мүмкіндік беретін белестер болады. Оқиғалар тізбегі мен күнделікті тіршіліктің тасасында қалған ең басты құндылықтар айқындала түседі: қандай қағидаттарға адал болды, жауапты сәттерде қандай шешімдер қабылдай алды? Елу бес жас – сондай белестің бірі.



Бұл шақта талай іс атқарылып, тәжірибе жинақталады, өмірге және мамандыққа деген өзіндік көзқарас қалыптасады. Сонымен бірге алда жүзеге асыратын ойлар мен атқаратын міндеттер бар. Оларды орындауға күш-қуат та, білім де, шын мәнінде ненің маңызды екенін айқын түсіну де жеткілікті. Өмірін сот төрелігіне арнаған адам үшін бұл сөздердің мәні ерекше. Өйткені судья еңбегі қаралған істердің санымен немесе қызмет еткен жылдармен ғана өлшенбейді. Оның шынайы өлшемі – заң, қоғам және өз ар-ожданы алдындағы жауапкершілік.

Жақында ҚР Қылмыстық істер жөніндегі кассациялық сотының төрағасы Ақан Жұмағұлов 55 жасқа толады. Осы мерейлі белестің артында заңға қызмет етуге арналған отыз жылдан астам уақыт, жиырма жылдық судьялық қызмет, мол кәсіби және өмірлік тәжірибе жатыр. Ақан Маратұлының еңбек жолы 1988 жылы мектеп бітіргеннен кейін слесарь болып орналасқан Зайсан автокөлік кәсіпорнында басталды. Бұл жұмыс оның дербес өмірге қадам басып, күнделікті жауапкершілікті сезінуіне және ұжымда еңбек етуіне алғашқы тәжірибе болды.

Университетті аяқтағаннан кейін Шығыс Қазақстан облысының прокуратура органында қызмет етті. Тергеушіден прокуратурадағы басшылық лауазымдарға дейінгі жолдан өтіп, кейін қызметін қаржы полициясында жалғастырды. Онда экономикалық және қаржылық қылмыстарды тергеумен айналысты. Бұл кәсіби тұрғыдан қалыптасудың үлкен мектебі болды. Тергеушінің жұмысы істің мән-жайына мұқият қарауға, прокурордың қызметі заңдылық үшін жауапкершілікті сезінуге, ал басшылық қызмет шешім қабылдап, тапсырылған іске жауап беруге үйретеді.

Алайда заңды білу мен сот төрелігін жүзеге асыру – бірдей ұғым емес. 2005 жылғы қарашада Ақан Жұмағұлов Өскемен гарнизоны әскери сотының судьясы болып тағайындалған кезде оның кәсіби өмірінің жаңа кезеңі басталды. Судья екі тарапты да тыңдап, анықталған фактіні жорамалдан, дәлелдемені жеке сенімнен, ал заң талаптарын адами сезімнен ажырата білуге міндетті. Мұнда кәсіби тәжірибенің өзі жеткіліксіз. Ішкі тәуелсіздік, ұстамдылық және қабылданатын шешім қаншалықты күрделі болса да, заңға сай әрекет етуге батылдық қажет.

Қалыптасқан ұжымды басқару – бір міндет. Ал жаңа сottың бастауында тұрып, оның ұйымдастырушылық негізін қалыптастыру, кәсіби тәжірибесі әртүрлі судьяларды біріктіру және жұмыс дәстүрін орнықтыру – ауқымы мүлде басқа міндет. Әсіресе, сөз заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын тексеруге арналған кассациялық саты туралы болғанда, бұл жауапкершілік арта түседі.

Қазақ халқының билер әділдігін ежелден жоғары бағалауы тегін емес. «Тура биде туған жоқ» деген сөз ең басты қағидатты еске салады: әділ сот алдында бәрі тең. Ғасырлар өтіп, заңдар мен мемлекеттік институттар өзгергенімен, сот төрелігінің адамгершілік негізі бұрынғы қалпында сақталды.

Әділдік асығыстықты да, біржақтылықты да көтермейді. Таразыға кімнің тағдыры түскеніне қарамастан, әділдік таразысы тең болуы керек.

Жиырма жылдық судьялық қызметінде Ақан Маратұлы кәсіби қалыптасудың түрлі сатысынан өтті. 2010 жылы Риддер қалалық сотын, 2013 жылғы шілдеде Семей қалалық сотын басқарды. Ал 2015 жылғы мамырда Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы болып тағайындалды. Бұдан кейін Батыс Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына басшылық ету сеніп тапсырылды. 2020 жылғы қазанда Алматы қалалық сотының қылмыстық алқасын басқарса, 2022 жылғы шілдеде Астана қаласы сотының төрағасы болып тағайындалды. Қызметтік өмірбаяндағы осы жолдарда қажырлы еңбек жылдары, мыңдаған адамның тағдыры, күрделі құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелерді шешу міндеті тұр.

Сотты басқару – айрықша жауапкершілік. Төраға күнделікті жұмысты ұйымдастыруға ғана жауап бермейді. Бүкіл ұжымның қызметі көп жағдайда оның кәсіби талапшылдығына, адамдарды ортақ іске жұмылдыра білуіне және сот төрелігін тәуелсіз жүзеге асыруға жағдай жасауына байланысты. Сонымен бірге, басшының шынайы беделі өкімдерінің қатаңдығымен немесе атқаратын лауазымының биіктігімен өлшенбейді. Ол біліктіліктен, іс-әрекетінің бірізділігінен, әріптестеріне құрметпен қараудан және өз сөзіне жауап бере білуден қалыптасады.

Адамгершіліктен айнымай, талап қоя білу – судьялар ортасында ерекше бағаланатын қасиет. Өйткені қызметтік міндеттің ар жағынан адамды көре білу, оның уайымы мен ұмтылысын түсіну, дер кезінде жылы сөзбен қолдау немесе тәжірибемен бөлісу маңызды. Кәсіби қарым-қатынаста Ақан Маратұлы құқықтық мәселелерді талқылаумен ғана шектелмейді. Ол әріптестерімен жинақтаған білімін, байқап-түйгенін және өмірлік тәжірибесін бөліседі. Мұндай сабақтастықтың маңызы ерекше: кәсіби шеберлікті бір бұйрықпен немесе ақыл-кеңеспен дарыту мүмкін емес. Ол бірлескен жұмыста, іске деген көзқараста, аға буын әріптестердің күнделікті үлгісі арқылы қалыптасады.

Өмір бір орында тұрмайды. Қоғам өзгеріп, заңнама жетілдіріледі, сот жүйесіне жаңа талаптар қойылады. Әрбір жаңа кезең жинақталған тәжірибеге сүйенумен қатар, үйренуге, қалыптасқан тәсілдерді қайта пайымдауға және уақыт талабына сай әрекет етуге дайын болуды қажет етеді. Дербес кассациялық соттардың құрылуы Ақан Маратұлы үшін осындай кезең болды. Ел Президентінің 2025 жылғы 28 маусымдағы Жарлығымен ол Қылмыстық істер жөніндегі кассациялық соттың тұңғыш төрағасы болып тағайындалды.

Қалыптасқан ұжымды басқару – бір міндет. Ал жаңа соттың бастауында тұрып, оның ұйымдастырушылық негізін қалыптастыру, кәсіби тәжірибесі әртүрлі судьяларды біріктіру және жұмыс дәстүрін орнықтыру – ауқымы мүлде басқа міндет. Әсіресе, сөз заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын тексеруге арналған кассациялық саты туралы болғанда, бұл жауапкершілік арта түседі.

Кассациялық сотқа жүгінген адам үшін сот қаулысы – жай ғана заңдық құжат емес. Оның артында бостандық, абыройлы есім, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру мәселесі тұруы мүмкін. Сондықтан әрбір іс мұқият зерделеуді, уәждерді бейтарап бағалауды және нанымды құқықтық негіздемені талап етеді. Кассациялық сот заңда белгіленген шектерде сот қателерін түзетумен қатар, заңнаманың біркелкі қолданылуына ықпал етуге тиіс. Заңның еліміздің барлық өңірінде бірдей түсіндіріліп, бірдей қолданылуы үшін жауапкершілік нақ осы жерде ерекше сезіледі.

Жаңа сот сатысының құрылуы – үлкен жолдың басы ғана. Оның шынайы беделі сот шешімдерінің сапасы, құқықтық ұстанымдарының бірізділігі, қызметінің ашықтығы және азаматтардың сенімі арқылы біртіндеп қалыптасады. Бүгінде Ақан Маратұлы әріптестерімен бірге осы маңызды сот төрелігі институтының қалыптасуына атсалысып келеді. Оның құқық қорғау органдарында, түрлі деңгейдегі және әртүрлі мамандандырылған соттарда жинақтаған тәжірибесі осы қызметте ерекше мәнге ие.

Дегенмен кез келген кәсіби жолды тек жеткен биіктерімен бағалауға болмайды. Адамның сол биіктерге қандай қағидаттармен жеткені және ұзақ жылғы қызметінде бойындағы қандай қасиетті сақтай алғаны әлдеқайда маңызды. Қарапайым бір ақиқат бар: лауазым белгілі бір уақытқа беріледі, ал абыройлы есімді адам бүкіл өмірімен қалыптастырады.

Судья үшін бұл ақиқаттың салмағы ерекше. Заң бейтараптықты талап етеді. Ар-ождан өз-өзіне адал болуды міндеттейді. Қоғам әділдік күтеді. Осы талаптардың ешқайсысын екінші кезектегі мәселе деп қарауға болмайды. Елу бес жас – мерейлі белес. Бірақ бұл жолдың аяқталуы емес. Артта – мол тәжірибе, алда – жаңа міндеттер, шешімдер мен жетістіктер барын сезінетін жас.

Қазақ дәстүрінде үлкенге құрмет жасымен ғана емес, ең алдымен адамның парасатымен, қадір-қасиетімен және ісімен өлшенеді. Мінез беріктігін кеңпейілділікпен, талапшылдықты адамгершілікпен, ал сөзге беріктікті ісіне деген жауапкершілікпен ұштастыра білген жандар қашанда ерекше құрметке ие болған.

Ақан Маратұлына әріптестері ең алдымен зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық және сарқылмас өмірлік қуат тілейміз. Жанында әрдайым жақындары мен сенімді жолдастары болсын. Өткен жылдар лайықты құрмет қана емес, атқарған ісінен жан рахатын да сыйласын.

А.ТЛЕПОВ,
Қылмыстық істер жөніндегі кассациялық соттың судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ ЖАҢА МІНДЕТТЕРІ АЙҚЫНДАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президент әлемдегі қазіргі геосаяси ахуалдың күрделене түскенін, халықаралық құқық пен мемлекеттер арасындағы сенім дағдарысының күшейгенін атап өтті. Мұндай кезеңде Қазақстан үшін ішкі тұрақтылықты, қоғамдық келісімді және егемендікті нығайту айрықша маңызды. Бірақ тұрақтылықтың өзі жеткіліксіз. Мемлекет басшысы келесі буынға жай ғана қаржысы бар ел емес, экономикасы қуатты, технологиясы дамыған, инфрақұрылымы заманауи, білім мен ғылымға сүйенген мемлекет қалдыру міндетін алға қойды. Бұл – Жолдаудың стратегиялық өзегі.

Табыс – экономикалық саясаттың басты өлшемі

Президент ең маңызды мақсат – халық табысын арттыру екенін айтты. Бірақ бұл міндетті тек жалақыны көтерумен шешу мүмкін емес. Өйткені халықтың нақты әл-ауқаты табыстың көлемімен ғана емес, сол табыстың құнсыздануымен өлшенеді. Сондықтан инфляциямен күрес Үкімет пен Ұлттық банктің ортақ міндеті. Бұл жерде мемлекет алдында күрделі міндет тұр. Атқарушы билік халықтың табысын арттырумен бірге бағаның өсуін тежеу қажет. Сонымен қатар экономиканың нақты секторына ұзақ мерзімді қаржы керек. Демек, мәселе жалақыны механикалық түрде көбейтуде емес, экономиканың өз ішінде тұрақты табыс қалыптастыратын жаңа өндірістер мен жұмыс орнын арттыруда. Осы тұрғыдан алғанда, жолдаудың экономикалық бөлігіндегі басты сұрақ – мемлекет экономикаға қанша ақша құяды емес, сол қаржы қанша жаңа экономикалық мүмкіндік әкеледі?

Жолдауда нақты әлеуметтік шешім де бар. Президент ең төменгі жалақыны 85 мыңнан 100 мың теңгеге көтеруді тапсырды. Бұл өзгеріс келесі жылдың 1 қаңтарынан іске асуы тиіс және шамамен 1,8 миллион адамның табысына әсер етеді. Бір қарағанда қарапайым цифр сияқты болғанымен, ең төменгі жалақының өсуі еңбек нарығына, әлеуметтік төлемге, жұмыс берушілер шығыны мен жалпы тұтыну қабілетіне әсер ететін маңызды шешім. Сондықтан еңбек өнімділігі артпай, тек жалақыны әкімшілік жолмен өсіру ұзақ мерзімді нәтиже бермеуі мүмкін.

Ұлттық қор – бюджет тапшылығын жабатын әмиян емес

Жолдауда назар аудартқаны Ұлттық қор қаражатын инфрақұрылымды жаңғыртуға пайдалану жөніндегі шешім болды. Мемлекет басшысының айтуынша, 2029 жылдың соңына дейін бұл іске Ұлттық қордан шамамен 6,5 трлн теңге бағыттау жоспарланған. Оның ішінде биыл және 2027 жылдың алғашқы екі айында әлеуметтік жобаларды бастау үшін 1,5 трлн теңге қарастырылмақ. Бұл – ауқымды ресурс. Сондықтан Президент Ұлттық қордың қаражатын жинақтау мен пайдалану арасында теңгерім сақталуы керектігін ескертті. Яғни, Ұлттық қор – бюджет тапшылығын жабатын әмиян емес. Оның мақсаты – ел байлығын сақтау, көбейту және ұрпақ игілігіне пайдалану екенін кезекті рет шегеледі. Сондықтан 6,5 трлн теңгенің тағдырына қоғам міндетті түрде назар аударатын болады.

«Қай өңірге қанша бөлінеді, қандай нысан салынып, қандай компаниялар алады, сапа қалай бақыланады, нысан іске қосылғаннан кейін халыққа қандай пайда береді?» деген сауалдар туындауы заңды. Президенттің өзі де жұмсалған қаржының экономикалық және әлеуметтік қайтарымы болуы керектігін атап өтті. Құрылысқа жергілікті шағын және орта бизнесті тарту қажеттігі де айтылды. Демек, «қаржы игерілді» деген есеп қана емес, «қаржы қандай нәтиже берді?» деген талап назарда тұрмақ.

Жолдауда «Халықтық құрылыс» бастамасы ерекше орын алды. Бұл жоба аясында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына елеулі қаржы бағытталып, елді мекендерге газ бен таза ауызсу жеткізу, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жаңарту көзделіп отыр. Бірінші кезекте өңірлердің денсаулық сақтау, білім, мәдениет және спорт нысандарына қажеттілігін нақты анықтау керек. Құрылыс «қай жерде жер бар, сол жерге нысан салу» қағидасымен емес, нақты қажеттілікке қарай жүргізілуге тиіс.

Жолдауда айқындалған тағы бір басымдық қалаларды дамытуға қатысты болды. Президент қазіргі таңда экономика, білім мен технологияның негізгі тірегі қалалар екенін атап өтті. Сондықтан әрбір ірі қаланың Үкімет бекіткен нақты орта және ұзақ мерзімді даму жоспары болуы қажет. Бұл мәселе Астана сияқты қарқынды өсіп жатқан қалалар үшін ерекше маңызды. Қала халқы көбейген сайын тек тұрғын үй салу жеткіліксіз. Оның артынан мектеп, балабақша, емхана, қоғамдық көлік, жол, инженерлік желілер, саябақ, спорт және мәдениет нысандары қатар дамуы керек. Президент қала инфрақұрылымының цифрлық егізін жасау мәселесін де көтерді. Демек, болашақ қала тек бетон мен ғимараттардан тұрмайды. Ол – дерекке сүйеніп басқарылатын, көлік ағыны, инженерлік желілер, қауіпсіздік және халықтың қажеттілігі алдын ала есептелетін цифрлық ағза болуы тиіс.

Цифрландырудың мақсаты мұғалім жұмысын көбейту емес, жеңілдету

Денсаулық сақтау инфрақұрылымына айрықша мән берілді. Алғашқы кезеңде ел бойынша сегіз заманауи перинаталдық орталық салу жоспарланған. Сонымен қатар бірнеше өңірде көпбейінді балалар ауруханасы, Астанада екі медициналық нысан салу көзделіп отыр. Президент алғашқы медициналық-санитарлық көмекті жаңғырту қажеттігін айтты. Жалпы практика дәрігерлерінің өкілеттігін кеңейту, осы жүйені қаржыландыруды кезең-кезеңімен арттыру ұсынылды. Учаскелік қызмет мамандарының жалақысын еңбек өтіліне қарай 40 пайызға дейін арттыру тапсырмасы да осы саладағы кадр мәселесін шешуге бағытталған. Ауруды емдейтін жүйеден аурудың алдын алатын жүйеге біртіндеп көшу маңызды.

Тағы бір мәселе – ерекше қажеттілігі бар балаларға қатысты. Мемлекет басшысы Қазақстанда инклюзивті білім алуға тиіс 237 мыңнан астам бала бар екенін айта келіп, Үкімет пен әкімдіктерге осы саладағы инфрақұрылымды дамыту міндетін қойды. Енді тек пандус не арнайы кабинет салып қоймай, балаға ерте диагностика, оңалту, педагог, психолог, дефектолог, әлеуметтік қолдау және кәсіби бағыт қажет. Сондықтан инклюзияны білім саласы емес, адам капиталына салынатын ұзақ мерзімді инвестиция деп қараған жөн.

Президент мұғалімдердің қағазбастылығын қысқартуді тағы көтерді. Бір кездері қағаз есептен құтылса, енді сол есептің цифрлық платформаға көшкен нұсқасы көбейіп кеткеніне сын айтты. Бұл – орынды мәселе. Цифрландырудың мақсаты мұғалімнің жұмысын көбейту емес, керісінше жеңілдету. Ұстаз есеп емес, балаға білім беруі керек. Сондықтан цифрлық жүйенің тиімділігі «қанша есеп цифрландырылды?» деген көрсеткіштен гөрі «мұғалімнің қанша уақыты оқушыға жұмсалды? деген сұрақпен бағалануы керек.

Өнімді көбейтуден бұрын құнын арттыру керек

Ауыл шаруашылығының түйткілді мәселелері де жолдауда кеңінен қамтылды. Бұл орайда ұзақ мерзімді қаржыландыру жүйесін қалыптастыру, өнімді терең өңдеуді дамыту, ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту қажеттігі атап өтілді. Сонымен бірге елімізде сапалы трактор мен комбайн өндірісін көбейту міндеті қойылды. Ең қызығы – жасанды интеллектті ауыл шаруашылығына енгізу мәселесінің көтерілуі. Бұл енді алыс болашақтың тақырыбы емес. Жердің жағдайын бақылау, суару жүйесін басқару, өнімділікті болжау, ауа райының әсерін есептеу, мал шаруашылығын мониторингтеу –цифрлық технология көмегімен тиімді жүргізілуі мүмкін. Президент ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге басымдық беруді де тапсырды.

Жолдауда энергетика мәселесіне де маңыз берілді. Президент электр энергиясымен қамтамасыз етілу қазіргі кезде мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін, экономикалық егемендігін айқындайтынын айтты. Бұл мәселе Қазақстан үшін өте өзекті. Өйткені, өндіріс дамып, жаңа зауыттар салынып, жасанды интеллект орталығы көбеюімен цифрлық экономика қалыптасады. Мұның барлығы тұрақты әрі қолжетімді энергиясыз мүмкін емес. Сондықтан энергетикалық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналып отыр.

Құжатта қаржы нарығына қатысты сын айтылды. Ел экономикасына ұзақ мерзімді қаржы қажет. Бюджеттің және даму институттарының мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, банктер бизнесті инвестициялық несиелеуге белсенді қатысуы тиіс. Ұзақ мерзімді қаржыландырудың жаңа тетіктерін банк, даму институттары, халықаралық қаржы ұйымдары және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қатысуымен іске қосу ұсынылды. Бұл – экономиканың болашағы маңызды мәселе. Банк жүйесіндегі ақша экономиканың нақты секторына жетпесе, ақша өзі экономикалық өсімге айналмайды. Сондықтан ендігі сұрақ – банктердің қанша пайда тапқаны емес, экономиканы дамытуға қанша қаржы бергені болуы керек.

Жолдауда шағын және орта бизнесті мемлекеттік сатып алуға кеңірек тарту мәселесі де көтерілді. Осы орайда мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік компаниялардың сатып алуларындағы белгілі бір көлемді шағын бизнес үшін резервте қалдыру тетігін қарастыру ұсынылды. Бұл бастама дұрыс іске асса, шағын бизнес үшін жаңа нарық қалыптастырады. Мемлекет – экономикадағы ірі тапсырыс беруші. Ендеше мемлекеттік тапсырыс тек ірі компаниялар айналасында шоғырланбай, өңірлердегі шағын кәсіпкерлерге де мүмкіндік беруі керек. Бұл – бюджет қаражатын жергілікті экономикада қалдырудың бір жолы.

Былтырғы жолдаудың негізгі тақырыбы жасанды интеллект болған еді. Биыл бұл мәселе жаңа деңгейге көтерілді. Президент Қазақстанға жасанды интеллектке негізделген цифрлық экономика құру қажет екенін айтты. Енді мәселе тек мемлекеттік қызметтерді цифрландыруда емес. ЖИ өндірісте, ауыл шаруашылығында, медицинада, білімде, мемлекеттік басқаруда қолданылуы тиіс. Сонымен бірге жасанды интеллекттің мүмкіндігін мемлекеттік шығынды жоспарлау мен тиімсіз шығынды анықтауда пайдалану ұсынылды. Бұл – өте маңызды бағыт. Егер жасанды интеллектті тек чат-бот немесе ақпарат іздейтін құрал деңгейінде қалдырсақ, оның экономикалық әлеуетін толық пайдалана алмаймыз. ЖИ нақты шешім қабылдауға көмектесетін құралға айналуы керек.

Әкімгерлік азайып, жауапкершілік артқаны жөн

Конституциялық өзгерістерден кейін мемлекеттік басқару жүйесіне қойылатын талаптар да өзгеретіні мәлім. Президент бұл орайда Үкіметтен бастап ауыл әкімдеріне дейінгі басқару құрылымын қайта қарау қажеттігіне назар аударды. Мемлекеттік аппарат цифрландыру дәуірінің талабына бейімделіп, жасанды интеллект мүмкіндігін пайдалануы керек. Негізгі міндет – қайталанатын міндеттерді қысқарту, басқарудағы қарама-қайшылықтарды жою, қағазбастылықтан арылу, шешім қабылдауға кедергі келтіретін рәсімдерді қысқарту. Бұл жерде ең маңыздысы – жауапкершілік. Цифрландыру шешім қабылдауды жеделдетуі мүмкін. Бірақ жауапкершілікті алгоритмге жүктей алмаймыз. Сондықтан жаңа мемлекеттік аппаратқа бір мезгілде жылдамдық және жауапкершілік арттыру талабы қатар қойылады.

Жолдауда айқындалған маңызды басымдықтың бірі – құқықтық жүйені жаңа экономикалық жағдайға бейімдеуге арналды. Президент бұл орайда жаңа Азаматтық кодекс әзірлеу қажеттігін айтып, Құрылтай депутаттарына Үкіметпен бірлесіп осы маңызды құжатты әзірлеуге жедел кірісуді және оны келесі жылдың соңына дейін қабылдауды ұсынды. Мемлекет басшысы бұл орайда Азаматтық кодекстің меншік, келісімшарт, кәсіпкерлік, мұрагерлік сияқты азаматтардың күнделікті өміріне қатысты құқықтық қатынастарды реттейтінін айта келіп, оның әрбір нормасы қоғамның нақты қажеттілігіне жауап беруі тиістігін тапсырды.

Жаңа Азаматтық кодекстің сапасы оның қанша баптан тұратынымен емес, азаматтың құқығын қаншалықты қорғайтынымен, бизнестің сенімді жұмыс істеуіне қаншалықты мүмкіндік беретінімен және жаңа экономикалық қатынастарға қаншалықты дайын екенімен өлшенуге тиіс. Сондықтан бұл жұмыс Үкімет, депутаттар, ғалымдар, заңгерлер, бизнес өкілдері мен азаматтық қоғамның бірлескен талқылауы арқылы жүргізілуі маңызды. Әрбір жаңа норманың азаматтардың күнделікті өміріне, экономикаға және сот тәжірибесіне ықпалы жан-жақты бағалануы қажет. Бұл тұрғыдан жаңа Азаматтық кодекс – кезекті заң жобасы ғана емес, елдің келесі экономикалық кезеңінің құқықтық іргетасына айналуы қажет.

Жаңа тарихи кезеңге – жаңа жоспар

Президент елдің ұзақ мерзімді даму басымдықтарын қайта қарау қажеттігін де айтты. Әлем өзгеріп, экономикалық модельдер ауысып, технология дамуда. Геосаяси жағдай да күн өткен сайын күрделенуде. Сондықтан Қазақстанның алдағы жылдарға ғана емес, ұзақ мерзімге арналған даму көзқарасы болуы тиіс. Бұл құжатты Президент Әкімшілігі Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен, ғылыми орталықтармен, соның ішінде Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтымен бірлесіп әзірлеуі керек. Ғылымның рөліне ерекше назар аударылу керек. Өйткені мемлекет болашағын тек шенеуніктердің кабинетінде емес, ғылым мен сараптаманың негізінде жоспарлауы қажет.

Тоқетерін айтқанда, жаңа жолдаудың әр бөлігін жеке қарауға болады. Бірақ олардың барлығын біріктіретін бір ортақ желі бар. Ол – мемлекет ресурсын нақты нәтижеге айналдыру. 6,5 трлн теңге бөлініп, жаңа аурухана салынады, мектептер мен спорт нысандары бой көтереді, жолдар жөнделеді, газ бен су тартылады, банк жүйесі ұзақ мерзімді несие береді. Жасанды интеллект енгізіліп, мемлекеттік аппарат цифрланады. Осының бәрі бір ғана мақсат – адамның өмір сапасын жақсартуға қызмет етуі керек. Жолдауды орындаудың нақты индикаторы осы. Бұл Президенттің бүгінгі сөзінен байқалған негізгі ой. Яғни, келер ұрпаққа Ұлттық қордағы қаржыны ғана емес, технологиясы дамыған, экономикасы қуатты, инфрақұрылымы заманауи, азаматтарының өмір сапасы жоғары мемлекет қалдыру керек.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»





СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Үнзила ШАПАҚ,
Құрылтай депутаты:

– Мемлекет басшысының маңызды реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуді депутаттарға тапсыруы Құрылтайға артылған үлкен жауапкершілік. Президенттің айтуынша, қолданыстағы Азаматтық кодекс нарықтық экономиканың қалыптасуына жол ашып, жеке меншікті қорғаудың негізгі қағидатын орнықтырды. Алайда соңғы отыз жылда қоғам да, экономика да түбегейлі өзгерді. Бүгінде цифрлық мәмілелер, жасанды интеллект, цифрлық активтер мен жаңа бизнес үлгілері құқық жүйесіне тың талап қойып отыр. Болашақ экономикасына көшу үшін осы өзгерістерді ескеретін, азамат пен бизнестің сенімін нығайтатын құқықтық ережелер қажет. Жаңа кодексті әзірлеу кезінде меншіктің қорғалуы, шарт еркіндігі, тараптардың теңдігі және құқықтық тұрақтылық басты назарда болуы керек. Сонымен бірге тұтынушы құқығын қорғау мен цифрлық ортадағы мәмілелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету де маңызды.

ӘРІПТЕС

ҒҰМЫР-ҒАЙЫП

ардақты азамат, білікті заңгер Балапан Әбенов туралы естелік



Балапанның ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеті орасан болатын. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, ол санқырлы қасиетке ие еді. Қандай істің болмасын тетігін тауып, дөңгелетіп әкететін, күмілжіп, тайсақтап тұрмайтын. Сондықтан да, бірге жүрген қыз-жігіттер оған шексіз сенетінбіз, жетекшілікті даусыз тапсыратынбыз, оның мойнына алған міндеттемесін тастай қылып, орындап шығарына сендік. Және ең ғажабы – ол осы қасиет-қырының баршасын өз ортасының пайдасына, кейінгі қызмет жылдарында халқының мүддесіне, жанына етене жақын жүрген біз сияқты достарының мәселелерін шешіп беруге жұмсай білетін.

Осыдан тура он жыл бұрын елу алты жасында бұл фәни жалғаннан бақилыққа өткен Әбенов Балапан Зипатоллаұлы туралы дос ретінде айтарымыз аз емес. Жастықтың жалынын бірге кешкен, әрі өміріміздің ең қызықты, ізденіске толы студенттік жылдарын егіз қозыдай бірге өткізген Балапан Зипатоллаұлы тірі болса талай жақсы істердің басында жүрер еді.

Бүгінгі күні жақын достары мен туыстарына ортақ мүдде – Балапан Зипатоллаұлының азаматтық, заңгерлік қадір-қасиетін қайта жаңғырту, тұлғалық орнын айқындау, ел жадынан өшірмеуге қызмет ету. Сондықтан, әріптес дос туралы ой тарқатқанда оның ұлағатты өмір жолына, жастарға берер тағылымына, адамгершілік қасиеті мен заңгерлік биік мұратына, елдік ұстанымына көбірек назар аударсам деймін. Әрине, Балапандай тұғырлы азаматты туған елінен, оның тарихынан бөліп қарастыра алмасымыз ақиқат.

Балапан Зипатоллаұлы – қасиетті Қарқаралы өңірінің тумасы. Нұркен Әбдіров атындағы ауылда 1960 жылы, 13 тамызда дүниеге келген. Қадірлі досымызға еріп бұл өлкеге талай сапарладық. Студенттік құрылыс отряды қатарында қаншама жұмыс жүргіздік. Оның үстіне, Қарқаралы өңірі тек сұлу табиғатымен ғана емес, қазақтың тарихи өңірі ретінде қай-қайсысымызға да қымбат өлке. Патшалық Ресей империясы Қарқаралының қазаққа қымбат қадірлі аймақ екендігін ескеріп, өздерінің саяси бағыттарына пайдалана білді, Батыс-Сібір әкімшілігіне қарасты Семей губерниясын /кейінгі облысы/ құрғанда, оның орталығы етіп Қарқаралы қаласын бекітуі кездейсоқ емес.

М.Әуезовтің «Абай жолын» оқымаған қазақ жоқ. Міне, осы шығарманы есімізге түсірсек, сол патшалық империялық кезеңде Семей мен Қарқаралы өңірлері бір жерге бағынып, орталығы Қарқаралы болғандықтан, осы өңір шығармада жиі аталып, Абай мен оның осы округтың аға сұлтаны болған әкесі Құнанбайдың тағдырымен тікелей байланыстырылып сипатталатыны жадымызда. Мұны есіме түсіріп жатқаным, Балапан досымыздың да туған еліне, оның тарихына деген махаббаты айрықша болатын. Ол «Абай жолы» арқылы әлем таныған, алаш зиялылары аялаған, құрмет тұтқан қазақтың елдік тарихы тұнып тұрған Қарқаралысын айрықша сүйді, туған жеріне деген ыстық махаббаты арқылы барша қазақты, ұланғайыр байтақ елі мен жерін сүйді.

Семей, Қарқаралы өңірі қазақ даласында ең алғаш елдің заңнамалық тұғырының негізі қалануымен де қымбат. Алашорданың астанасы Семей қаласы дейтін болсақ, Әлихан Бөкейханов бастаған алаш қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған жетекші тұлғалар Қарқаралыда өте жиі болып, өздерінің халық арасында үгіт-насихат, оқу-білім мәселелері, баспасөз тарату сияқты негізгі жұмыстарын жүргізген. Және ең ғажабы – бұлардың бәрі заң мен сот ісіне өте жүйрік болып, бұл мәселеде патша үкіметімен тайталасып отырған. Алаш қайраткерлерінің атынан нақ осы өлкеден патша үкіметіне атақты Қарқаралы петициясының жолдануы – қазақ заңнамасының тарихындағы аса ірі оқиға болатын.

Қазақтың тұңғыш заңгерінің бірі Жақып Ақбайұлының да заңгерлік қызметін осы Қарқаралы өңірінен бастағаны белгілі. Заңгер есімін мәңгілік тарихта қалдыру мақсатында 2001 жылы Қарағанды қаласының экономикалық соты ғимараты алдында ол кісіге ескерткіш орнатылуына тікелей мұрындық болған – сол кезде Қарағанды облысында сот әкімшісі болып қызмет атқаратын Балапан Зипатоллаұлы болатын. Бұл оның көптеген азаматтық ісінің бір мысалы ғана.

Міне, осындай алаштың ұлы тұлғаларының, заңгерлерінің ізі қалған Қарқаралы топырағында Балапан досымыздың тууы заңдылық деп ұғамын. Ұлы жазушы М.Әуезов: «Менің тілімде Абай тілінің мәдениеті бар!» – деп мақтанады екен. Сол айтпақшы, Балапанның да әрбір сөз саптасынан, адам баласына деген шексіз құрметінен, жалындаған жігер отынан өз ізімен жүрген алаштың асқаралы тау тұлғаларының таңғажайып тағылымы, өрісті өнегесі, биік мәдениеті меңмұндалап тұратын. Ол қажет жерінде Мағжан ақын айтқандай «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты», өжет те өр еді, арлы-намысты азамат екені көзге ұрып тұратын, сонымен бірге, қарапайым, өте кішіпейіл қасиетімен кез келген ортаға сіңіп кететін оқшау еді. Мұндай жігіттің жампозының бітім-болмысын айқын ажырата білген даналарымыз «асылдың сынығы», «жақсылардың сарқыты» деп дәріптемеуші ме еді!

Біз жас кезімізде кеңестік тәрбиемен өстік, ру сұраспақ түгілі, қай жүздің баласы екенімізге де назар аударматпыз. Әйтпесе, сол Қарқаралы өңірінің тумасы Балапанның айналасына топтасып, біріміз – Ақтөбеден, екіншіміз – Оралдан, үшіншіміз – Жамбылдан, төртіншіміз – Қарағанды секілді түрлі өңірден келіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бір ұядан ұшып шыққандай, тату-тәтті ұйысар ма едік деген ой келеді. Ру демекші, Балапан досымыздың қасиетті Құнанбай-Абайлармен тегі бір Тобықты руынан екенін кейінірек білдік. Сонда айырылмас достарға айналғаннан кейін барып, сақайған шағымызда, бір-біріміздің түп-тамырымызға көз жібере бастаған екенбіз. Демек, біз досты тектік тамырластық арқылы немесе жерлестік арқылы іздемеппіз, ең алдымен, бір-біріміздің қадір-қасиетімізге бойлап барып, шынайы достыққа жол ашыппыз.

Өз басым адалдыққа тұрақты Балапандай жанды сирек кездестірдім. Бір сөздің адамы еді, айттым бітті, кестім үзілді деп шешімін бір-ақ айтатын. Және аузынан шыққан сөзіне берік, уәдесін серттей ұстанатын азамат болатын. Қайран Мәди сері «жігіттік көк семсердің жүзі емес пе, қайрап ап қалың жауға сермегендей» деп, осы Балапан сияқты сертіне берік, жарқылдаған жігіттің дарабоздарына қарап айтқан болар-ау!

Жігіттің бір қасиеті табандылық болса, ол Балапанда жетіп артылатын, алдына қойған мақсатына жетпей қоймайтын. Мысалды алыстан іздемейін, көктен алмайын, Балапанның өзінің таңдаған оқуына түсуінің өзі бір жыр. Ол мектеп қабырғасын бітіргеннен кейін жоғары оқу орнына түсе алмаған соң, өзін еңбекпен шыңдап, ширатып алуды ойлап туған ауылында токарь болып еңбек жолын бастайды. Одан түпкілікті мақсатына бір табан жақындай түсейін деген оймен Қарағанды машина жасау зауытына келіп орналасады. Қалаға бойын үйретіп алған соң, негізгі мұратына жету мақсатында бүгінгі Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің заң факультетіне барып тағы да бағын сынайды. Бірақ келесі жылы тағы сәтсіздік, қысқасын айтқанда, Балапан досымыз жұмысын жалғастыра жүріп төрт рет емтиханнан өте алмаған. Сонда да беті қайтпастан, бесінші жолы ғана армандаған оқуына дайындық бөлімі арқылы түсті. Бұл біздер үшін, біздің кейіпкеріміз аяулы Балапан Зипатоллаұлы үшін айрықша маңызды, тарихи 1982 жылдың күзі болатын.

Оқуға түскендегі жүзі бал-бұл жанған Балапанның қуанышын көрсеңіз! Өйткені, ол бейнелеп айтсақ бұл «тас қамалды» бесінші рет ұмтылып барып, зорға бағындырды. Өз мақсаты үшін осыншама жылын сарп еткен Балапан сияқты табандылар бізде көп емес. Айтпақшы, бұл табандылықтың өзі абитуриенттік, студенттік тағдырлас жолдастардың ажырамас досқа айналуына бірден-бір себепші болды десем артық айтпаспын. Өйткені, сол төрт қиырдан келіп бас қосып, оқуға түсуге талпынып жүрген әрқайсысымыз кемі екі реттен немесе үш реттен талпынып барып оқуға түскен, «сақалды» абитуриенттер едік.

Балапан дайындық бөлімінде, кейінгі студенттік кезеңде де тобымыздың старостасы болды. Бұл бір. Екіншіден, біздер бірнеше жыл бойы құрылыс отрядына бардық. Ол жерде де Балапан досымыз алғашында отряд комиссары, кейіннен аудандық штаб командирі болды. Міне, ол осыншама мойнына алған міндеттемесін қайыспас қара нардай көтеріп қоймай, үлкен абыроймен атқарып, аймақ басшыларының да, ортақ іске жұмыла кіріскен біз сияқты қыз-жігіттердің де, ең бастысы сыңғырлаған жаңа үйлерге ие болған ел тұрғындарының да көңілінен шығып, шексіз алғысына бөленді. Біздер Бәкеңнің жұмысты дұрыс ұйымдастыра білгенінің арқасында ауылымызға жыл сайын өте табысты оралып, ата-анамызды шексіз қуанышқа бөлейтінбіз. Бәкеңнің ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеті орасан болатын. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, ол санқырлы қасиетке ие еді. Қандай істің болмасын тетігін тауып, дөңгелетіп әкететін, күмілжіп, тайсақтап тұрмайтын. Сондықтан да, бірге жүрген қыз-жігіттер оған шексіз сенетінбіз, жетекшілікті даусыз тапсыратынбыз, оның мойнына алған міндеттемесін тастай қылып, орындап шығарына сендік. Және ең ғажабы – ол осы қасиет-қырының баршасын өз ортасының пайдасына, кейінгі қызмет жылдарында халқының мүддесіне, жанына етене жақын жүрген біз сияқты достарының мәселелерін шешіп беруге жұмсай білетін. Барша бітім-болмысында жігер оты алаулап, ар-намысы оның рухын биіктетіп, кісілікті тұрпатымен асқақтап тұратын өр тұлғалы азамат еді-ау, біздің Балапан! «Жақсыдан – шарапат» демекші, Балапанның іскер басшылығына, озық қабілетіне қарап біз бой түзедік, ой қалыптастырдық, еліктедік. Балапанның бастамасымен, оқу мен еңбекті сәтті ұштастыра білдік.

Балапанның өмірі өнеге. Ол 1988 жылы қолына диплом тиісімен алғашқы еңбек жолын Қарағанды облысының прокуратура органында тергеуші болып бастап, 1999 жылдарға дейінгі он жылдан астам уақытта қанаты қатайып, тез жетіліп, Теміртау қаласы прокурорының орынбасары, Мичурин ауданының прокуроры деңгейіне дейін көтерілді. Егер естеріңізде болса, Теміртау қаласы ол кезде еліміз бойынша қылмыстық оқиғалардың етек жаюымен аты шыққан қаланың бірі болатын. Демек, Балапанға осы қалада тәртіп жүйесін орнықтыруға септігін тигізер деген батпан салмақ, үлкен жауапкершілік жүгі артылған. Осындай зор сенім үдесінен шыға білгеніне тікелей өз басым куәгер болып едім. Мен Елбасының 1999 жылы қарашаның 20-сы күні кезекті жарлығымен Теміртау қалалық сотының төрағасы қызметіне келгенімде Балапан досым облыстық әділет басқармасының орынбасары қызметінде еді. Сол жылдарда Қарағанды облысында жолымыз тоғысып, қанаттаса жүріп еңбек еткенімді мақтан тұтамын. Бұл біздің бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған, бір-бірімізді қабақ қағысып, ұғысқан, аса бір мағыналы да маңызды жылдарымыз еді.

2002 жылдың күзінде мен Солтүстік Қазақстан облысына қайта ауысып бара жатқанымда, Балапан досым қимастық сезіммен: «қап, әттеген-ай, әлі де бірге жүріп, бір-бірімізге үйретеріміз де, үйренеріміз де көп еді-ау!» – деп қатты өкініш білдіргені көз алдымда. Оның менен не үйренгені өз көкейінде қалған шығар, ал мен досымнан үйренген өнегемді айтып тауыса алмаспын. Оның алдына қойған мақсатына жетпей қоймайтын табандылығы, бірсөзділігі, өзім дегенге қоң етін кесіп беруге дайын тұратыны, достыққа жанын қиярдай адалдығы, жоғары жауапкершілігі, кәсіби ізденімпаздығы мен еңбекқорлығы, жарқылдаған жайдары жан-дүниесі, кімге де болсын ақадал пейілділігі, әппақ ниетімен жанынды жаулайтыны, жалпы оқығаны мен тоқығанының молдығы мен үшін оның асқан азаматтық, адамдық қырының бастысы ретінде мәңгілік ұлағат болып қалары анық. Біздің берік достығымыздың сыры да осында.

Оның заңгерлік еңбек жолы сатылап, жүйелі түрде өсіп-өрлеп отырды. Балапан Зипатоллаұлының 1999–2005 жылдар аралығындағы еңбек жолы әділет және сот жүйесіне бағытталған десек те болады; ол бұл жылдар ішінде Қарағанды облысы Әділет басқармасы бастығының орынбасары, кейіннен Қарағанды облысы бойынша Соттар әкімшісінің тұңғыш басшысы болып қызмет атқарды. Осы жылдары соттардың материалдық-техникалық жағдайын жақсартуға тікелей септігін тигізген де Балапан болатын. «Бәрін айт та, бірін айт» демекші, сол жылдары келмеске кеткен коммунистік партияның ғимараттарының бірін облыстық сотқа, бірнешеуін аудандық және оған теңестірілген соттарға алып беруі үлкен ерлік еді!

Осындай еңбегі жанған жемісті жылдарда жалындаған жігер отымен жасындай жарқылдап, қыры сынбай жүрген қайран асыл азаматтың бойын меңдеген ауыр дертпен жиырма жылдай алысып жүргенін жақын достары біздер, әрине, білдік. Бірнеше рет бүйрек айырбастау, қаншама жыл диализде жүру оңай болған жоқ! Тек өмірге деген құштарлығының арқасында ғана жиырма жылдан астам ғұмыр кешті. Сонда қайран сабаз мүжілмей, арамызда бұрынғыдай ойнап-күліп, қалжыңын айтып, ауруы жанына батқанын білдірмей, өмірінің соңына дейін жайдары қалпынан танбай өтті. Не деген биік рух, не деген күрескерлік күш-қуат, не деген қажыр-қайрат, қайтпайтын қайсарлық десеңізші!

Осылайша, ұзақ жыл арбасқан ажал есіл ерді ақыры алып тынды. 2016 жылы 26 желтоқсанда Балапан Зипатоллаұлы жанашыр жақындарын өкіндіріп өмірден өтті. Артында аяулы жары Ботасы және Арман, Өмірсерік атты ұлдары мен Құралай атты қызы қалды. Осыған шүкірлік еттік. Арда азаматтың артында қалдырған ұлағаты ұшан-теңіз, осыған қанағат қылдық; ол асылдың сынығы, айдынның тұнығы, тектінің тұяғы екендігін осы ғұмырында жарқын өмірімен танытып өтті.

Халықтың арман-мұраты тудырған Бекасыл әулие: «Тектіден текті туады, Тектілік тұқым қуады. Тектілердің тұяғы, Таңдайды құз-қияны. Шын тектілер халқы үшін, Өлімге басын қияды. Жақсы, жаман деместен, Жанына жұртын жияды» деген екен. Балапан Зипатоллаұлы барша қадір-қасиетімен, асыл мұрат-мүддесімен, жарқыраған жақұттай жан-дүниесімен осы тектілік талабына сай келетін азамат еді.

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

МЕЖЕ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – СОТ ЖҰМЫСЫНА ҚОЗҒАУ САЛАТЫН БІРЕГЕЙ ҚҰРАЛ

Сот жүйесіндегі негізгі ізденістер жасанды интеллект жетістіктерін неғұрлым тиімді пайдалануға бағытталып отыр. Жасанды интеллект барлық салаға қозғау салатын басты құралға айналды. Соның ішінде сот жұмысына да үлкен серпіліс әкелді. Мәселен, ЖИ көмегімен сот өндірісіне түскен ауқымды ақпараттар ағынын өңдеуге, тақырып, мазмұн, бап сияқты негізгі өлшемдер бойынша оңай іріктеуге қол жеткізді. Бұл жаңашылдық сот төрелігіне қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік берді. Әсіресе, уақыт жағынан ұтымды тұсы көп.

Дегенмен сот саласында технологиялық жаңашылдықтарды енгізу тек жұмыс үдерістерін жеделдетуге ғана бағытталмайтыны белгілі. Мұндағы басымдық адам құқықтарын мінсіз қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету және әділ төрелік етуге берілуі тиіс. Осыған орай жасанды интеллект сот қателіктерінің алдын алуды, азаматтарды әуре-сарсаңнан сақтауды, заңдарды дәл әрі негізді қолданып, ортақ тәжірибе орнықтыруды мақсат етуде. Сотта қаралатын қылмыстық істер саны аз емес. Зайырлы, құқықтық мемлекетте азаматтардың өз құқығын сот алаңында, заң шеңберінде шешуге ұмтылуы дұрыс үрдіс. Алайда жүктеменің көптігі істердің созбалаңға салынуы, процестік мерзімнің сақталмауы, істерді тыңғылықты зерделеуге мүмкіндіктің жоқтығы секілді бірқатар мәселе тудыратыны рас. Судьяларға күнделікті жұмыс барысында үлкен көлемдегі құжаттарды зерттеу, заңнаманы талдау, сот практикасын зерделеу, процестік құжаттарды әзірлеу және сот отырыстарының материалдарын жүйелеу оңай емес. Ал осы міндеттердің белгілі бір бөлігін орындауда жасанды интеллектті пайдалану судьяларға айтарлықтай көмек болары даусыз.

Мәселен, жасанды интеллект көлемді құжаттардан қажетті ақпаратты іздеуге, материалдарды тақырыптар бойынша топтастыруға және істің негізгі мән-жайларын алдын ала жүйелеуге көмектескен жағдайда судьяның ақпаратпен жұмыс істеу уақыты айтарлықтай қысқарады.

Сондай-ақ жасанды интеллект дыбыс жазбаларын мәтінге айналдыруда да мықты көмекші. Соның арқасында судьялар сот процесі қатысушыларының сөзін мәтінге айналдырып, хаттама әзірлеуде бірқатар жеңілдікке ие болады. Десек те ЖИ автоматты түрде өңдеген мәтінде қателіктер кетуі де мүмкін. Бірақ мәтінді толық дайындағаннан гөрі, толықтырып, түзеген әлдеқайда тиімді.

Сонымен қатар жасанды интеллект заңнамалық актілер мен сот практикасын іздеуде таптырмас құрал. Оның көмегімен құжаттардың жобаларын әзірлеу айтарлықтай жеңіл. Бұдан бөлек цифрлық құралдар сот қызметін ұйымдастыруға, құжат айналымын жүйелеуге және процестік мерзімдерді бақылауға да жәрдемдесе алады.

ЖИ алмастыратын жұмыс жеткілікті. Тіпті цифрлық көмекші алдағы жылдары бірқатар кәсіп түрлерін қолданыстан шығаруы да әбден мүмкін. Алайда қанша жедел, тиімді, жаңашыл болғанымен жасанды интеллект ешқашан судьяны алмастыра алмайды. ЖИ сот жұмысын жеңілдетуі, сот төрелігінің сапасын арттыруға ықпал етуі мүмкін, алайда сот шешімінің табиғатын, ақ пен қараны ажыратудың қыр-сырын толық түсіне бермейді. Өйткені, сот процесінде нақты фактілерді анықтау, дәлелдемелерді бағалау, тараптардың уәждерін тыңдау және заң талаптарына сәйкес құқықтық қорытынды жасау тек судьяның қолынан келеді. Ұқсас істер болуы мүмкін, бірақ әр қылмыс өзінше зерделеуді талап етеді. Дәлелдемелердің мазмұны, оларды алу заңдылығы, тараптардың түсініктемелері және нақты оқиғаның мән-жайлары әрбір істі судьяның жеке зерделеуін қажет етеді. Адамның конституциялық құқықтарын қорғау, дәлелдемелердің жеткіліктілігіне құқықтық баға беру және әділ сот талқылауының барлық кепілдіктерін қамтамасыз ету жасанды интеллекттің емес, кәсіби судьяның ғана қолынан келетін міндет. Судьяның жауапкершілігін сандық алгоритм атқара алмайды.

А.ИМАНҚҰЛОВ,
Алматы қаласы
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының сот жүйесі сот төрелігін жүзеге асыруға қойылатын заманауи талаптарды ескере отырып, жүйелі түрде дамып келеді. Судьялар корпусын қалыптастыру тәсілдері жаңартылып, судья лауазымына кандидаттарды іріктеу және даярлау тетіктері жетілдірілуде, цифрлық технологиялар белсенді түрде енгізілуде. Сондай-ақ судьялардың кәсіби құзыреттілігіне және сот төрелігін жүзеге асыру сапасына қойылатын талаптар артып келеді.

Осындай жағдайда судья кадрларын кәсіби даярлаудың және олардың үздіксіз дамуын қамтамасыз етудің тиімді жүйесін қалыптастыру ерекше маңызға ие. Бұл үдерісте Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы айрықша рөл атқарады. Академия қызметінің негізгі бағыттары, сондай-ақ өзекті білім беру және ғылыми жобалары туралы Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы Дмитрий Малахов әңгімелеп берген еді.



Дмитрий МАЛАХОВ, *Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы:*

«СОТ ТӨРЕЛІГІ АКАДЕМИЯСЫ: САПАЛЫ ІРІКТЕУ САПАЛЫ ДАЯРЛЫҚПЕН ҰШТАСУЫ КЕРЕК»

– Дмитрий Михайлович, бүгінгі таңда сот жүйесінің алдында көптеген жаңа міндеттер тұр. Осы міндеттерді шешуде судья кадрларын кәсіби даярлаудың рөлі қандай?

– Кәсіби судьялар корпусы – сот жүйесінің тиімді жұмыс істеуінің негізгі шарттарының бірі. Заңнаманы, процестік тетіктерді, ұйымдық құрылымды және цифрлық инфрақұрылымды жетілдірудің маңызы зор. Алайда түптеп келгенде, нақты іс бойынша шешімді судья қабылдайды. Сот арқылы қорғау сапасы судьяның кәсіби даярлық деңгейіне, құқықтық мәдениетіне, тәуелсіздігіне, объективтілігі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Сондықтан Жоғары Сот Кеңесі үшін кәсіби әрі білікті судьялар корпусын қалыптастыру стратегиялық міндеттердің бірі болып табылады.

Бұл ретте қазіргі заманғы кадрлық саясат іріктеу және тағайындау рәсімдерімен ғана шектелмеуге тиіс. Судьяның кәсіби қалыптасуының тұтас жүйесін құру қажет. Мұндай жүйе судьялыққа кандидаттарды даярлау мен бағалаудан басталып, олардың судьялық қызметті жүзеге асыруға бейімделуімен жалғасып, қызметтегі судьялардың кәсіби деңгейін тұрақты түрде арттыруды қамтамасыз етуге тиіс. Осындай жүйе аясында Сот төрелігі академиясына айрықша рөл жүктеледі. Оның міндеті тек білім беру қызметтерін көрсетумен шектелмейді, сонымен қатар сот төрелігін тиімді жүзеге асыру үшін қажетті кәсіби құзыреттерді қалыптастыруды да қамтиды.

– Сот төрелігі академиясын Жоғары Сот Кеңесінің қарамағына беру маңызды институционалдық өзгеріс болды. Бұл қандай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді?

– Ең алдымен, судьялар корпусын қалыптастыру міндеті мен оны кәсіби даярлау жүйесі арасындағы өзара байланысты нығайтуға мүмкіндік туды. Жоғары Сот Кеңесі судьялар корпусын қалыптастыру саласындағы өкілеттікті жүзеге асырса, Академия тиісті кадрлардың кәсіби даярлығы мен біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді. Мұндай өзара іс-қимыл судьялыққа кандидаттар мен қызметтегі судьяларға қойылатын талаптарды жедел ескеруге, сот практикасы барысында туындайтын мәселелерді талдауға және осының негізінде білім беру бағдарламасының мазмұнын жетілдіруге жол ашады.

Біз білім беруді жеке-дара бағыт ретінде емес, сот билігінің бірыңғай кадрлық саясатының құрамдас бөлігі ретінде қарастырамыз. Осыған байланысты кандидаттарды даярлау белгіленген рәсімдерден сәтті өтуді ғана емес, сонымен қатар судья мамандығының мәнін, оның ерекшеліктерін және судьяға жүктелетін жауапкершілікті терең түсінуді қалыптастыруға бағытталған.

– Академия қызметінің өзекті бағытының бірі – білім беру үдерісін бағалау мен талдаудың жаңа құралдарын енгізу. Атап айтқанда, білім алушыларға IQ-тестілеу жүргізу басталды. Оның мақсаты қандай?

– Кадрларды даярлаудың заманауи жүйесі объективті деректер мен талдау нәтижелеріне барынша негізделуге тиіс. Осыған байланысты Кеңес Академияда білім беру аналитикасының құралдарын енгізуді қолдайды. Ағымдағы оқу жылынан бастап білім алушыларға IQ-тестілеу жүргізілуде. Оның нәтижесі, ең алдымен, бастапқы көрсеткіштер ретінде қарастырылады. Алдағы уақытта бұл көрсеткіштерді оқу нәтижелерімен және кәсіби даму деңгейімен салыстыруға болады. Бұл ретте кәсіби іріктеуді когнитивтік тестілеумен алмастыру туралы сөз болып отырмағанын атап өткен жөн. Мұндай құралдар адамның судья мамандығына дайындығын өздігінен толық сипаттай алмайды. Оның негізгі міндеті – білім алушылардың бастапқы сипаттамалары туралы қосымша объективті ақпарат алу, олардың даярлық деңгейінің өзгеру динамикасын бағалау және осының негізінде білім беру әдістемелерін жетілдіру.

> *Басты мақсат – кәсіби білікті, тәуелсіз әрі жауапты судьялар корпусын қалыптастыру. Академия қызметінің барлық бағыттары дәл осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталуға тиіс. Сапалы іріктеу – сапалы даярлықпен ұштасуға тиіс. Даярлық – үздіксіз кәсіби дамумен сабақтасуы қажет. Білім беру – ғылыммен және сот практикасымен үйлесуі керек. Ұлттық тәжірибе – халықаралық кәсіби тәжірибе алмасумен ұштасуы тиіс. Ал заманауи технологиялар – судьяның тәуелсіздігі, бейтараптығы мен жауапкершілігі сияқты іргелі қағидаттармен үйлесім табуы қажет.*

Болашақта тиісті деректерді жинақтау және талдау Академияға білім беру бағдарламаларының тиімділігін неғұрлым дәл бағалауға және оларды одан әрі жетілдіру жөнінде шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

– Болашақ судьялардың цифрлық құзыреттерін дамыту заманауи қажеттілік. Осы бағытта Академияда қандай өзгерістер жүзеге асырылуда?

– Сот жүйесі қазірдің өзінде цифрлық трансформация жағдайында жұмыс істеуде, ал цифрлық технологиялардың маңызы алдағы уақытта одан әрі арта түседі. Электрондық сот ісін жүргізу, цифрлық дәлелдемелер, ақпараттық жүйелер, үлкен көлемдегі деректер, сондай-ақ жасанды интеллект технологиялары біртіндеп судьяның күнделікті кәсіби қызметінің ажырамас бөлігіне айналуда. Осындай жағдайда судьялар терең заңгерлік біліммен қатар, цифрлық құзыреттіліктің де жеткілікті деңгейіне ие болуы, заманауи технологиялардың мүмкіндігі мен шектеулерін түсінуі және оларды заңнама талаптары мен кәсіби этика нормаларын ескере отырып қолдана білуі тиіс.

Ағымдағы оқу жылында Академияның білім беру бағдарламасына сот қызметіндегі цифрлық құралдарға арналған арнайы пән енгізілді. Алдағы уақытта жаңа технологиялық шешімдердің пайда болуын ескере отырып, осы бағыттағы оқу мазмұнын кезең-кезеңімен дамыту көзделіп отыр. Жасанды интеллектті пайдалану мәселелеріне ерекше назар аудару қажет. Сот жүйесі үшін технологиялық мүмкіндіктер ғана емес, сонымен қатар құқықтық, этикалық және кәсіби шектеулерді сақтау да айрықша маңызды. Судья заманауи құралдарды пайдалана алады, алайда сот шешімі, оның заңдылығы мен негізділігі үшін жауапкершілік әрдайым адамның өзіне жүктеледі.

– Судьялыққа кандидаттарды даярлаудың жаңа бағыттарының бірі – референдиат институты. Оның алғашқы жылғы жұмыс нәтижелерін және одан әрі даму перспективаларын қалай бағалайсыз?

– Референдиат – судья лауазымына орналасуға арналған біліктілік емтиханына кандидаттарды даярлау жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі. Іске асырылған алғашқы жылдың өзінде бұл формат үлкен сұранысқа ие болды. Оның ерекшелігі – қажетті заңгерлік даярлығы мен кәсіби тәжірибесі бар кандидаттардың магистратурада оқымай-ақ, біліктілік емтиханына мақсатты түрде дайындалуына мүмкіндік беруінде.

Сонымен қатар біз референдиатты жай ғана дайындық курсы ретінде қарастырмаймыз. Оның мазмұны болашақ судьяға қажетті теориялық білім мен практикалық құзыреттерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Сондықтан референдиат бағдарламасы оны іске асыру нәтижелерін, қатысушылардың кері байланысын және кандидаттарға қойылатын өзекті талаптарды ескере отырып, тұрақты түрде жетілдіріліп отыруы қажет.

Ағымдағы жылы бағдарламаны одан әрі жетілдіру көзделген. Құқықтың негізгі салалары бойынша даярлық күшейтіліп, сондай-ақ біліктілік емтиханының жекелеген маңызды кезеңдеріне ерекше назар аударылуда. Сабақтарды өткізуге Жоғары Сот Кеңесінің мүшелері, Кеңес аппаратының қызметкерлері, Академияның профессор-оқытушылар құрамы, практик судьялар мен сарапшылар тартылады. Академиялық және практикалық даярлықты ұштастыру кандидаттарға болашақ кәсіби қызметі мен судьяға қойылатын талаптар туралы неғұрлым тұтас түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

– Судья кәсіби тұрғыдан дамуы үшін үздіксіз ізденіп, білімін жетілдіруі керек қой?

– Әрине. Судья лауазымына тағайындалу – даярлықтың аяқталуы емес, кәсіби дамудың жаңа кезеңінің басталуы. Заңнама үнемі жетілдіріліп, даулардың жаңа санаттары пайда болуда және сот практикасы дамып келеді. Мұның барлығы судьядан білімін ұдайы жаңартып, кәсіби құзыреттерін жетілдіріп отыруды талап етеді. Сондықтан Кеңес судьялардың біліктілігін арттырудың неғұрлым нысаналы жүйесіне көшу үдерісін жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Мұндай жүйеде оқыту мазмұны судьялар қауымдастығының жалпы қажеттіліктерімен ғана емес, нақты кәсіби міндеттерімен де айқындалады.

2025 жылдан бастап енгізілген тақырыптық бағыттағы дербестендірілген курстардың маңызы ерекше. Мұндай формат судьялардың жекелеген санаттарының кәсіби қажеттіліктерін ескеруге және олардың оқу үдерісін нақты мақсаттарға бағыттап ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Біліктілікті арттыру курстары аясында жоғары тұрған сот сатыларында қысқа мерзімді практикалық сабақтарды ұйымдастыру да перспективалы бағыттың бірі болып табылады. Мұндай формат судьяларға істердің күрделі санаттарын қарау тәжірибесімен тікелей танысуға, нақты сот жағдайларын талқылауға, әртүрлі құқықтық тәсілдерді салыстыруға және сот практикасының бірізділігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударуға жол ашады.

– Академияның ғылыми қызметін дамытуға да айтарлықтай көңіл бөлінуде. Бұл бағыт неліктен стратегиялық маңызға ие?

– Академияның ғылыми әлеуетін дамыту – бүкіл соттың білім беру жүйесін ұзақ мерзімді перспективада дамытуға салынған инвестиция. Егер біз судьяларды даярлаудың заманауи жүйесін қалыптастыруға ұмтылсақ, онда терең теориялық білімге ие болып қана қоймай, сот қызметінің ерекшеліктерін, құқық қолданудың өзекті мәселелерін және сот практикасының қажеттіліктерін түсінетін өз оқытушыларымыз бен зерттеушілеріміз болуы қажет. Осыған байланысты 2025 жылдан бастап Кеңес Академияның өзіндік ғылыми мектебін қалыптастыру үшін қажетті институционалдық негіздерді құрды.

Ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша докторантура ашылды, Академияның ғылыми журналы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілді. Сонымен қатар Академия алғаш рет ғылыми қызмет субъектісі ретінде аккредиттеуден өтті. Мұның барлығы ғылыми жұмысты одан әрі дамытуға қажетті жағдайлар жасайды. Болашақта Академия ғылыми білімді тұтынушы ғана емес, оны қалыптастыратын және тарататын толыққанды орталыққа айналуға тиіс. Академияның ғылыми қызметінің маңызды әрі тұрақты құрамдас бөлігі – халықаралық дөңгелек үстелдер, конференциялар, ғылыми жұмыстар конкурстарын өткізу, сондай-ақ осы бағыттағы ынтымақтастықты кеңейту болып табылады. Академияның оқытушылары мен қызметкерлерінің халықаралық ғылыми жарияланымдар белсенділігін арттыруға және оларды заманауи ғылыми зерттеулерге тартуға ерекше көңіл бөлінеді.

– Академия қызметінің ақпараттық ашықтығы мен кәсіби медиаконтентін дамытуға қаншалықты көңіл бөлінген?

– Бүгінде ақпараттық ашықтық заманауи білім беру ұйымы қызметінің маңызды құрамдас бөлігі әрі оның қызметіне деген сенімді қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Бұл бағытта Академия Кеңеспен бірлесіп ауқымды жұмыс атқарды. Мақалалар мен сұхбаттар жарияланып, теледидар және радио хабарлары ұйымдастырылды, оқытушылар мен білім алушылардың қатысуымен тікелей эфирлер өткізілді. Алғаш рет Академия қызметінің нәтижелері Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында таныстырылды. Бұл Академия қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету, оның ақпараттық кеңістіктегі ауқымын кеңейту және қоғамның сенімін нығайту жолындағы маңызды қадам болды.

Алдағы уақытта бұл бағытты жүйелі түрде дамыту қажет. Академия – судьялыққа кандидаттар, қызметтегі судьялар, заңгерлік қоғамдастық өкілдері мен ғылыми орта үшін ашық әрі танымал кәсіби орталыққа айналуға тиіс.

Осыған байланысты білім беру және кәсіби медиаконтентті одан әрі дамыту, заңгерлік, сарапшылық және академиялық қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен ашық дәрістер, кәсіби кездесулер, пікірталастар және басқа да іс-шаралар өткізу көзделіп отыр. Бұл ретте ақпараттық жұмыс тек Академияның қызметін жариялаумен ғана шектелмеуге тиіс. Оның ақпараттық ресурстары сот төрелігінің, сот практикасының, заңнаманың өзекті мәселелерін және сот білімін дамытудың жай-күйін кәсіби тұрғыдан талқылауға арналған алаңға айналуы маңызды.

– Орта мерзімді перспектива туралы айтатын болсақ, алдағы жылдары Сот төрелігі академиясын қандай деңгейде көргіңіз келеді?

– Академия судьялар корпусын даярлау, олардың кәсіби дамуын қамтамасыз ету және ғылыми тұрғыдан сүйемелдеу жөніндегі толыққанды ұлттық орталыққа айналуға тиіс. Бұл бірнеше бағытты біртұтас жүйеге біріктіруді білдіреді. Атап айтқанда, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, референдиат, қызметтегі судьялардың біліктілігін арттыру, ғылыми зерттеу, цифрлық білім беру, халықаралық ынтымақтастық, кәсіби қоғамдастықты дамыту бағыттары өзара сабақтастықта жүзеге асырылуға тиіс.

Бұл ретте Академия қызметінің тиімділігін бағалаудың басты өлшемі өткізілген іс-шаралардың саны емес, олардың судья кадрларының кәсіби құзыреттерін дамытуға тигізетін ықпалы болуға тиіс. Сондықтан Академия қызметін 2027 жылға дейін жетілдіру туралы мен бекіткен жоспарды іске асыру Кеңес тарапынан институционалдық дамудың жүйелі үдерісі ретінде қарастырылады.

– Жүргізіліп жатқан жұмыстың түпкі мақсаты не?

– Басты мақсат – кәсіби білікті, тәуелсіз әрі жауапты судьялар корпусын қалыптастыру. Академия қызметінің барлық бағыттары дәл осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталуға тиіс. Сапалы іріктеу – сапалы даярлықпен ұштасуға тиіс. Даярлық – үздіксіз кәсіби дамумен сабақтасуы қажет. Білім беру – ғылыммен және сот практикасымен үйлесуі керек. Ұлттық тәжірибе – халықаралық кәсіби тәжірибе алмасумен ұштасуы тиіс. Ал заманауи технологиялар – судьяның тәуелсіздігі, бейтараптығы мен жауапкершілігі сияқты іргелі қағидаттармен үйлесім табуы қажет.

Жоғары Сот Кеңесі үшін бұл – ұзақ мерзімді әрі жүйелі міндет. Сондықтан Сот төрелігі академиясын дамыту тек сот білім беру жүйесі үшін ғана маңызды емес. Судья кадрларын даярлауға және олардың кәсіби дамуына инвестиция салу – бұл, түптеп келгенде, сот төрелігінің сапасын арттыруға, заң үстемдігін нығайтуға және құқықтық мемлекетті одан әрі дамытуға қосылған үлес.

Сот төрелігі академиясының стратегиялық маңызы да осында – судьяның кәсіби қалыптасуын қамтамасыз ететін заманауи, үздіксіз және практикалық қызметке бағдарланған жүйені қалыптастыруда.

Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» – БАСТЫ БАҒДАР

Қоғамда заң үстемдігін қамтамасыз ету, құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңызы зор. «Заң мен тәртіп» қағидаты осы міндеттерді сапалы орындауда басты бағдарымызға айналып отыр.



«Заң мен тәртіп» қағидатының жүзеге асуы ең алдымен заң талаптарының баршаға бірдей қолданылуынан көрінеді. Сотқа жүгінген әрбір азамат өзінің құқығы мен заңды мүддесі мінсіз қорғалатынына сенімді болуы керек. Соған орай соттар әрбір істі заң талабына сәйкес қарап, дәлелдемелерді жан-жақты зерттеуге, тараптардың уәжін тыңдауға және заңды әрі негізді сот актілерін қабылдауға ерекше назар аударады. Сот талқылауы барысында заңдылық, тәуелсіздік, бейтараптық және тараптардың тең құқықтылығы қағидаттарын сақтау аса өзекті. Сот қызметінің тиімділігі қабылданған сот актілерінің санына емес, олардың сапасына, орындалуына және азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтуына қарап бағаланатынын ұмытпауымыз керек.

Заң мен тәртіпті нығайту тек құқық бұзушылық жасаған адамға жаза қолданумен шектелмейді. Оның маңызды бағыты – құқық бұзушылықтың себебі мен оған ықпал ететін жағдайларды анықтау және олардың алдын алумен тамырлас. Осы ретте құқықтық түсіндіру жұмыстарының маңызы зор. Азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін білуі, заң талаптарын түсінуі және өз әрекеттерінің құқықтық салдарын бағалай алуы құқық бұзушылықтың азаюына ықпал етеді. Соған сәйкес соттарда құқықтық ағарту бағытындағы кездесулер, дәрістер, түсіндіру іс-шаралары ұдайы өткізіліп, заңдағы өзгерістер мен заңдарды тәжірибе қолдану тәртібі тұрақты түрде жарияланып келеді. Мұндағы негізгі мақсат – азаматтардың құқықтық сауатын арттыру, заңға құрметпен қарап, даулардың алдын алуға ықпал ету.

Соның ішінде жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлген орынды. Себебі заңды құрметтеуге жастар бала кезінен дағдылануы керек. Ал заңды білу, өзіңнің құқығыңды қорғап қоймай, өзгенің де құқығына құрметпен қарау мәдениеті ең әуелі отбасында, білім беру ұйымдарында және қоғамдық ортада қалыптасады.

Сонымен бірге сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету және халықпен тиімді байланыс орнату бойынша да іргелі жұмыстар жүрзілуде. Қарапайым халық сот жұмысы туралы уақытылы әрі дұрыс ақпарат алғанда, сот рәсімдерінің тәртібін түсінгенде сергелдеңге түспейді. Әрі ашықтық сотқа деген сенімді нығайтуға көмектеседі.

«Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыру сот органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Ал сот дауларды заң аясында шешіп, бұзылған құқықтарды қалпына келтіруі, әділдікті қамтамасыз етуі шарт. Бұл жерде азаматтарға заң талаптарын сақтау, құқық бұзушылықтарға төзбеушілік таныту және құқықтық мәдениетті күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналдыру міндеті жүктелген.

Арыстанбек БЕКБОЛАТОВ,
Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы

СОТ СӨЙЛЕСІН

Заманауи жаңашылдықтар азаматтардың күнделікті өмір сүру дағдысын өзгертуде. Айталық бұрын сот процесінде нақты айғақтар мен куәгерлер сөзі қаперге алынатын. Ал қазір құқықтық қатынастардың көп бөлігі электрондық ортада жасалады. Азаматтар өзара мәмілеге келіп, міндеттемелерді орындау кезінде де, ақпарат алмасу мен қаржылық операциялар жасау барысында да цифрлық технологияларға сүйенеді. Бұл өз кезегінде соттарға ұсынылатын дәлелдемелердің сипатын өзгертті. Соның нәтижесінде электрондық ақпараттың дәлелдемелік маңызы арта түсті.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІҢ СОТ ТӨРЕЛІГІНДЕГІ МАҢЫЗЫ ЗОР

Қазір азаматтық істерде де, қылмыстық істерде де электрондық дәлелдемелер жиі назарға алынады. Кез келген сот талқылауы барысында өз уәжін дәлелдеу үшін тараптар мессенджерлердегі хат алмасуларын, электрондық пошта хабарламаларын, дыбыс және бейнежазбаларды, әлеуметтік желілерде жарық көрген жарияланымдарын, электрондық құжаттар мен өзге де цифрлық деректерді жиі ұсынып жатады. Әрине, іске сәуле түсіретін, ақ пен қараны анықтауға мүмкіндік беретін әрбір дәлелдің маңызы зор. Ал электрондық дәлелдемелерді ұсыну, зерделеу тиімді болғанымен, цифрлық ақпараттың шынайылығын анықтау, оны алу кезінде заңның сақталғанын зерделеу және дәлелдің түпнұсқа екенін анықтау үлкен жауаптылық пен ізденісті талап етеді.

Азаматтық процестік кодекстің 63-65-баптарында дәлелдемелердің ұғымы, қатыстылығы мен жарамдылығы айқындалған. Сондай-ақ, әр тарап өз талаптары мен қарсылықтарының негізіне сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс. Яғни, электрондық ақпаратты ұсынған тұлғаға оның іске қатыстылығын негіздеп, сотқа тексеруге мүмкіндік беретін мәліметтерді ұсыну міндеті де жүктелген. Ал Қылмыстық-процестік кодекстің 111-бабы дәлелдемелердің ұғымын, 112-бабында дәлелдеме ретінде пайдалануға жол берілмейтін нақты деректерге қатысты талаптар дәйектелген. Сондай-ақ, осы кодекстің 122, 124 және 125-баптарында дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалау тәртібі айқындалған. Сот талқылауы барысында электрондық құрылғыдан алынған файлдың мазмұнын ғана емес, оның қандай жағдайда алынғанын, қалай көшірілгенін, бастапқы деректердің сақталған-сақталмағанын және тиісті процестік рәсімдердің орындалғанын да анықтау қажет. Осыдан көріп тұрғанымыздай азаматтық, қылмыстық процестердегі электрондық дәлелдемелерді қолданудың тәртібі заңдық тұрғыдан толық реттелген. Тек осы заңнама талаптарын тәжірибеде дәл, сапалы қолдану маңызды. Екі процесте де электрондық ақпаратқа баға беру кезінде оның өзге дәлелдемелермен байланысы, алыну көзі және дәлелденуге тиіс мән-жайларды растау қабілеті ескеріледі.

Электрондық дәлелдемелерді сот талқылауы барысында бағалау формальды сипатта болмауы керек. Себебі, сот үшін тараптар ұсынған цифрлық дәлелдеменің сыртқы көрінісі ғана емес, оның қандай фактілерді растайтыны және сол фактілердің басқа дәлелдемелермен қанша-лықты үйлесетінін зерделеу өзекті. Бұдан бөлек электрондық материалдардың сақталуы да ерекше мән беруді міндеттейді. Тәжірибеде байқап жүргеніміздей интернет-ресурстардағы жарияланымдарды өзгерту, аккаунттарды жою, кейбір хабарламалардың қолжетімсіз болуы қалыпты жағдай. Осыған орай іске қатысты дәлелдемелерді уақытылы ұсыну және оларды қамтамасыз ету мәселесіне көз жұма қарауға болмайды. Сонымен қатар сот арнайы техникалық білімді қажет ететін мәселе туындағанда маманның көмегіне немесе сараптамаға жүгінуі тиіс. Сарапшының қорытындысы істегі өзге дәлелдемелермен бірге бағаланады.

Сандық технология көмегімен ұсынылатын дәлелдемелерді алу барысында адамның жеке өміріне қол сұғылмауына, хат алмасу құпиясын сақтауға қатысты заң талаптарын назардан тіс қалдырмау керек. Егер ақпарат заңда белгіленген тәртіпті бұзу арқылы алынса, сот оның дәлелдеме ретінде пайдаланылу мүмкіндігіне тиісті құқықтық баға беруге міндетті.

Жасанды интеллекттің қолданылуы электрондық дәлелдемелерді бағалауға қатысты жаңа мәселелерді туындататынын мойындауымыз керек. Әсіресе заманауи техника тілін білетіндерге адамның дауысын қолдан жасау, бейнені өзгерту немесе болмаған оқиғаны шынайы көрініс ретінде ұсыну қиын емес. Бұл цифрлық материалдардың түпнұсқалығын тексеруге қойылатын талаптарды күшейту қажеттігін алға шығарып отыр. Осыған орай ақпараттың шығу тегі, алыну тәсілі, метадеректері, техникалық сипаттамалары және басқа материалдармен сәйкестігі тексерілуі шарт.

Жаңа технология сотқа қызмет етуі үшін алдағы уақытта электрондық ақпаратты зерттеу әдісін дамыту, цифрлық криминалистика саласындағы кәсіби білімді арттыру, сот процесіне қатысушылардың технологиялық сауаттылығын күшейту жұмысын жүргізу кезек күттірмейді. Сонымен бірге электрондық дәлелдемелерді ұсыну мен зерттеу кезінде тараптардың процестік құқықтарын қамтамасыз ету тұрақты назарда болуы тиіс.

Замира МАХИТОВА,
Қарақия аудандық сотының төрағасы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ



ЖОЛДАУ – ЖОЛБАСШЫМЫЗ

КОДЕКС ҚОҒАМ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕ САЙ БОЛҒАНЫ ЖӨН

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты жолдауын жариялады. Онда елдің алдағы даму бағыттарымен қатар, құқық жүйесін жетілдіру, кәсіпкерлер мен инвесторлар құқығын қорғау, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және қоғамда заңға құрмет мәдениетін қалыптастыру мәселелеріне назар аударылды.



Ардақ БЕДЕЛХАНОВ,
Алатау қалалық соты әкімшісі басшысының орынбасары

Сот саласының маманы ретінде жолдауда айтылған бастамалардың маңызын, ең алдымен, құқықтық кепілдіктерді нығайту және сот төрелігінің сапасын жаңа талапқа сәйкестендіру тұрғысынан бағалаймын. Өйткені, құқықтық жүйенің міндеті – заң нормаларын белгілеумен шектелмей, олардың азаматтардың күнделікті өмірінде нақты қорғған болуын қамтамасыз ету.

Президент жолдауында құқық жүйесінің инновацияларды енгізу мен экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы рөліне ерекше мән берілді. Осы орайда қолданыстағы Азаматтық кодекстің орнына жаңа тарихи дәуірдің талаптарына жауап беретін жаңа кодекс қабылдау қажеттігі айтылып, 2027 жылдың соңына дейін қабылдау ұсынылды. Бұл бастаманың құқықтық маңызы зор. Азаматтық-құқықтық қатынас аясы кеңейіп, экономикалық байланыстар күрделеніп, цифрлық технологиялар ықпалы артқан заманда заңнаманың талапқа сай болуы – құқықтық дауларды дұрыс шешудің, меншік құқығын қорғаудың және азаматтық айналымға қатысушылардың заңды мүдделерін қамтамасыз етудің маңызды шарты.

Жаңа кодекс әзірлеу барысында құқық қолдану тәжірибесін, соттарда кездесетін даулардың ерекшеліктерін және қоғамның нақты қажеттіліктерін ескеру қажет. Құқықтық нормалар анық әрі біркелкі түсіндіруге қолайлы болған сайын, азаматтар мен кәсіпкерлер үшін заң талаптарын орындау жеңілдейді. Бұл өз кезегінде құқықтық белгісіздікті азайтуға және даулардың алдын алуға ықпал етеді.

Жолдаудағы тағы бір маңызды бастама – Алатау қаласында арнайы құқықтық режим аясында сапалы сот төрелігін қамтамасыз ететін сот жүйесін құру ұсынысы. Президенттің айтуынша, инвестициялық сот ағылшынның жалпы құқық моделіне сәйкес коммерциялық істерді қарайды, ал арнайы құқықтық режимге қатысты басқа мәселелер азаматтық соттың құзыретіне беріледі. Бұл бастаманың жүзеге асуы сот жүйесінің жаңа құқықтық модельдерді қолдану мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған.

Жолдауда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті дамытуға да ерекше көңіл бөлінді. Мемлекеттік басқаруды жаңғырту, қайталанатын міндеттерді азайту және рәсімдерді оңтайландыру жөніндегі міндеттер құқық саласы үшін де маңызды. Заң үстемдігі орныққан, құқығы сенімді қорғалған және сотқа сенім артатын қоғам ғана тұрақты дамудың берік негізін қалыптастыра алады. Сондықтан әділетті сот төрелігін қамтамасыз ету – сот жүйесінің ғана емес, тұтас қоғамның ортақ жауапкершілігі.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ПІКІР

ЗАҢГЕР БОЛУ ҮШІН ЗАҢДАРДЫ ЖАТТАУ ЖЕТКІЛІКСІЗ

Қазақстанда оқу мен үшін өте маңызды тәжірибе. Бұл елде жаңа білім алып қоймай, қазақ тілінде сөйлеу дағдымды жетілдіріп, Қазақстанның мәдениетімен, тарихымен және қоғамдық өмірімен жақынырақ танысуға мүмкіндік туды.

Мен заң мамандығы бойынша магистратурада оқимын. Заң білімінің қоғамдағы орны ерекше. Себебі заң адамдардың құқығы мен бостандығын қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және әділдікті қамтамасыз етуге бағытталған. Заңды жақсы білетін адам өз құқығын қорғап қана қоймай, басқа адамдардың да құқығын құрметтей алады.

Заңгер болу үшін тек заңдарды жаттау жеткіліксіз. Заңгер адам заң нормаларын дұрыс түсініп, оларды нақты жағдайларда қолдана білуі керек. Сонымен қатар, оның логикалық ойлау қабілеті, жауапкершілігі, адалдығы және әділдік сезімі болуы қажет. Заңгерлер жұмысы адамдардың өміріне тікелей әсер ететіндіктен, олардың әрбір шешімі мұқият әрі негізді болуы тиіс.

Бүгінгі таңда жасанды интеллект те қоғамның дамуына үлкен әсер етіп отыр. Ол білім беру, медицина, экономика және заң саласында кеңінен қолданылуда. Мысалы, жасанды интеллект қажетті ақпаратты жылдам табуға, үлкен көлемдегі құжаттарды талдауға және оқу материалдарын түсінуге көмектеседі. Студенттер үшін бұл жаңа мүмкіндіктер ашады және уақытты тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Алайда, жасанды интеллектті қолданудың белгілі бір қиындықтары да бар. Кейде ол қате ақпарат беруі немесе мәселені толық түсінбеуі мүмкін. Сондықтан алынған ақпаратты міндетті түрде тексеру қажет. Әсіресе заң саласында қате ақпарат адамның құқығы мен заңды мүддесіне зиян келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, жеке деректерді қорғау, ақпараттың құпиялылығын сақтау және жасанды интеллектті жауапкершілікпен пайдалану да маңызды.

Әрине, жасанды интеллект заңгерлер жұмысын жеңілдетеді, бірақ адамның кәсіби білімі мен жауапкершілігін толығымен алмастыра алмайды. Заңгер нақты жағдайды жан-жақты талдап, заң нормаларын дұрыс түсіндіріп, әділ шешім қабылдауға ұмтылуы керек. Сондықтан болашақ заңгерлер дәстүрлі құқықтық біліммен қатар, заманауи технологияны да меңгеруі қажет.

Қазақстанда білім алу мен үшін үлкен мүмкіндік және өмірлік тәжірибе. Мен болашақта білімді, жауапты және әділ заңгер болғым келеді. Ол үшін заңдарды терең меңгеріп қоймай, тілді дамытып, жаңа технологияларды дұрыс пайдалануды үйренуім керек. Менің сенімім бойынша, сапалы білім, заңға құрмет және адамгершілік құндылықтар қоғамның дамуына және әділетті болашақтың қалыптасуына ықпал етеді.

Табыс САМҒА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
2-курс магистранты
Нұрлайым МЫНБАТЫРОВА,
ҚазҰУ доценті

ӘРТҮРЛІ

3. «ГАИН КОНСАЛТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 251240028773) кредиторларына Серіктестіктің жалғыз қатысушысының 2026 жылғы «22» қазанда қабылдаған жарғылық капиталды 338.000.000,00 теңгеден100,00 теңгеге дейін азайту туралы шешімі жөнінде хабарлайды. Кредиторлар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 27-бабына сәйкес жазбаша талаптарын мына мекенжай бойынша ұсынуға құқылы: ҚР, 050057, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 42/15-үй.

4. ХАБАРЛАНДЫРУ
Маңғыстау облысы әкімдігінің 20.10.2026 жылғы № 173 қаулысына сәйкес, Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Каспий футбол клубы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (БСН 171140027368) қайта ұйымдастыру (преобразование) жолымен «Каспий футбол клубы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС) болып қайта құрылатынын хабарлайды. «Каспий футбол клубы» ШЖҚ МКК-ның барлық құқықтары мен міндеттері өткізу актісіне сәйкес құрылатын«Каспий футбол клубы» ЖШС-не толық көлемде ауысады. Кредиторлардың талап-тілектері мен наразылықтары осы хабарландыру баспасөзде жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша қабылданады: «Маңғыстау облысының денешынықтыру және спорт басқармасы»мемлекеттік мекемесі, Электрондық пошта: sport@mangystau.gov.kz, байланыс тел. +7 707 454 2120.

6. Хабарландыру
Астана қаласы әкімдігінің «№ 112 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 241240018239) өзінің Астана қаласы әкімдігінің «№ 112 жалпы орта білім беретін мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құрылуы туралы хабарлайды. Астана қаласы әкімдігінің 22.10.2026 жылғы №107-3521 қаулысының негізінде талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, А 102 көшесі, 39-ғимарат. Тел. 8 701 608 40 82.

15. АШЫҚ ТЕНДЕР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ
№ Т-166-NML/КМР-10.26, 24.10.2026 ж.
1. ТАПСЫРЫС БЕРУШІ – ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫ:
«Каскырказган Mineral recources» ЖШС
БСН: 161140007517
Мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Шұғыла шағынауданы, Таусамалы шағынауданы, 220-үй, 3-пәтер, 050006.
Банк: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ
ЖСК: KZ08601A861040389101 (KZT)
БСК: HSBKKZKX
Директоры: Магад Еркен. Электрондық пошта: Yerken.magad@gmail.com Тел. +7 701 317 53 42
2. НЕГІЗДЕМЕ:
Қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған 2025 жылғы 19 мамырдағы №166-NML лицензиясы. Лицензияны Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі берген, қол қойған тұлға – Шархан Иран Шарханович. Лицензияның қолданылу мерзімі: 2050 жылғы 19 мамырға дейін, 25 жыл. Кен орны: Кепчам. Пайдалы қазба: мыс. Аумағы: 0,22 км². Үлесі: 100%. WGS-84 координаттары: 1. 47°21’58,72» / 75°13’49,19»/ 2. 47°21’47,28» / 75°14’05,37»/ 3. 47°21’37,3» / 75°13’50,09»/ 4. 47°21’48,74» / 75°13’33,91»
3. ТЕНДЕРДІҢ МӘНІ: №166-NML лицензиясы бойынша өндіру жұмыстарының кешені: Аршынды жыныстарды алу – 12 000 м³. Мыс кенін ашық әдіспен өндіру – бірінші жылы 8 000 тонна. 1,5 км-ге дейін тасымалдау. Маркшейдерлік жұмыстар және жерді рекультивациялау.
4. ЛИЦЕНЗИЯ ШАРТТАРЫ (Мердігерлік шартта міндетті түрде көрсетілуі тиіс) Өндіруге жұмсалатын ең төменгі шығындар – жылына 1 063 АЕК. Әлеуметтік даму – жылына 1 000 АЕК, 206114 бюджеттік сыныптама коды (Ақтоғай ауданы). Қазақстандық қамту үлесі – кемінде 50%. Кадрларды оқытуға жұмсалатын шығындар – жалпы шығындардың 1%-ы. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) жұмсалатын шығындар – жалпы шығындардың 1%-ы.
5. МЕРДІГЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР: Қазақстан Республикасында тау-кен жұмыстарын жүргізуге арналған лицензияның болуы. Мыс өндіру саласында кемінде 3 жылдық тәжірибесі болуы. Қажетті техника: шөміш көлемі 1,2–2 м³ экскаватор; бульдозер; жүк көтергіштігі 20–25 тонна болатын 3 самосвал; бұрғылау станогы.
6. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ МЕРЗІМДЕРІ: Техниканы және персоналды жұмылдыру мерзімі: 2026 жылғы 15-30 қараша. Өндіру жұмыстарын бастау: 2027 жылғы 1 қаңтар. Өндіру жұмыстарының аяқталуы: 2050 жыл.
7. ТЕНДЕРЛІК ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ: Өтінімдер 2026 жылғы 11 қараша сағат 18:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) қабылданады. Өтінімдерді беру тәсілдері:
Электрондық платформа: -minerals.eqazyna.kz БСН: 161140007517 Лицензия: 2025 жылғы 19 мамырдағы №166-NML.
- Электрондық пошта: Yerken.magad@gmail.com
- Қолма-қол тапсыру мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Шұғыла шағынауданы, Таусамалы шағынауданы, 220-үй, 3-пәтер, 050006.
Портал жұмысының бұзылуына байланысты хабарландыру газет нұсқасында жарияланып отыр. Жарияланымды растайтын түбіртек ЕПН-ге қоса тіркеледі.

16. «Торговый центр «Санкт-Петербург» ЖШС (БСН 050140006308) директоры Б.И. Жамалбаева атынан жарғылық капиталдың 150 000 теңгеден 75 000 теңгеге дейін азайтылатынын хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 20-үй.

18. Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 8 қазандағы және 2026 жылғы 23 қазандағы ұйғарымдарымен «BeyAzh Trans» ЖШС-не (БСН 110240016194) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Анықтама алу үшін тел. 8-701-223-09-84.

21. «Grand Hall Unity» ЖШС (БСН 230640037552) жарғылық капиталының азайтылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 303. Тел. 8701 933 969.

22. «F Link (ЭФ Линк)» ЖШС (БСН 230640038065) 2026 жылғы 21 қазанда Серіктестіктің жалғыз қатысушысы Серіктестіктің жарғылық капиталын азайту туралы шешім қабылдағанын хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша жазбаша нысанда қабылданады: ҚР, 050060, Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 247А. Электрондық пошта: office_mca@megacenter.kz. Тел. 2322505 (ішкі 5017).

23. «FCI Management LLP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 080540002395) жарғылық капиталдың азайтылатыны туралы хабарлайды. Осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде талаптар келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 77-үй.

26. «STEEL SK» ЖШС (БСН 041140003833) өзінің жарғылық капиталын 100 000 (жүз мың) теңгеге дейін азайтатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талап-шағымдары хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 101401, ҚР, Теміртау қаласы, Горка Дружбы көшесі, 12Б, 12-үй. Тел. +7 (7213) 952412, 87015200519.

27. Астана қаласы әкімдігінің «№113 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 250240022345) Астана қаласы әкімдігінің «№113 жалпы орта білім беретін мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құру жолымен заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Астана қаласы әкімдігінің 22.20.2026ж. № 107-3521 қаулысының негізінде Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Шәмші Қалдаяқова, 38. Тел. 87771625562.

28. Астана қаласы әкімдігінің «Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 990440002173) Астана қаласы әкімдігінің «Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құру жолымен заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Астана қаласы әкімдігінің 22.20.2026ж. № 107-3521 қаулысының негізінде Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Шәмші Қалдаяқова, 38. Тел. 87771625562.

29. Алматы облысы Талғар аудандық сотының 2026 жылғы 22 қазандағы ұйғарымына сәйкес, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі ауылы, «АКХ Казмис», № 1832 үй мекенжайында тұратын арыз беруші Жеңіс Исаұлының 2005 жылғы 6 шілдеде Алматы облысы, Талғар ауданында туған Сәрсен Жеңісұлын хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы арызы бойынша азаматтық іс қозғалды. Сәрсен Жеңісұлының соңғы жұмыс орны белгісіз. Оның жүрген жері немесе ол туралы қандай да бір мәліметтері бар адамдардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Алматы облысы, Талғар қаласы, Гагарин көшесі, 90-ғимарат мекенжайында орналасқан Талғар аудандық сотына хабарлау сұралады.

30. «Спецодежда Костанай» ЖШС (БСН 080540003610) жарғылық капиталдың азайтылатыны туралы хабарлайды. Осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде талаптар келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Бородина көшесі, 168А.

32. «Милейко» ЖШС «БСН 041140002930) (бұдан әрі – «Серіктестік») 27.10.2026 ж. Серіктестік мүшелері «Бобровское» ЖШС-ін (БСН 041240019017) қосу жолымен Серіктестікті қайта құру туралы шешім қабылдағанын хабарлайды, «Бобровское» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Глубоковский ауданы, Тархан ауылдық округі, Винное ауылы, Клубная көшесі, 35-құрылымы бойынша орналасқан. Кредиторлар осы хабарламаны алған күннен бастап екі ай мерзімде Серіктестіктен қосымша кепілдіктерді не Серіктестіктің тиісті міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуын немесе орындауын және залалдарды өтеуді талап етуге құқығы бар. Талаптарды Серіктестікке жазбаша нысанда жіберуге болады, ал олардың көшірмелерін Серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға ұсынуға болады.

33. «Бобровское» ЖШС (БСН 041240019017) (бұдан әрі – «Серіктестік») 27.10.2026 ж. Серіктестік мүшелері «Милейко» ЖШС-іне (БСН 041140002930) қосылу жолымен Серіктестікті қайта құру туралы шешім қабылдағанын хабарлайды, «Милейко» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Глубоковский ауданы, Тархан ауылдық округі, Винное ауылы, Клубная көшесі, 35-құрылымы бойынша орналасқан. Кредиторлар осы хабарламаны алған күннен бастап екі ай мерзімде Серіктестіктен қосымша кепілдіктерді не Серіктестіктің тиісті міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуын немесе орындауын және залалдарды өтеуді талап етуге құқығы бар. Талаптарды Серіктестікке жазбаша нысанда жіберуге болады, ал олардың көшірмелерін Серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға ұсынуға болады.

ТАРАТУ

5. «KoksheAudit» ЖШС (БСН 190440034769) (Көкшетау қаласы, Жұмағали Тілеулин көшесі, 86-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Көкшетау қаласы, Сырымбет көшесі, 2Б. Тел. 8 701 415 66 04.

9. «Daur Energy» ЖШС (БСН 240140033632) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, 071410, Ертіс көшесі, 11-үй, 41-пәтер. Тел. 8 771 438 33 32.

12. «TELCOM» ЖШС (БСН 020740005653) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу-2 шағынауданы, 54-үй, 37-пәтер. Тел. +7 701 996 01 70.

13. «Строитель 24» ЖШС (БСН 240440035997) (ҚР, Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Бәйдібек Қарашаұлы көшесі, 21-үй, кадастрлық нөмірі 21:318:087:835:21/Г1 жер учаскесі), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қостанай қаласы, Павлов көшесі, 157/3. Тел. +7 708 755 16 39.

14. «Tamos La Vie» ЖШС (БСН 240540006580) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 010000, ҚР, Астана қаласы, Шұбар тұрғын алабы, Наркескен көшесі, 1-үй, 18-пәтер. Тел. 8 776 888 76 54.

17. «Панфилов ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (БСН 050640005744) Панфилов ауданының «Жаскент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (БСН 130340000690) таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Н.Н.Головацкого көшесі, 129-үй. Байланыс тел. 8 72831 51388.

19. «СпецАвтоБизнес» ЖШС (БСН 220740011613) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Казахстанская көшесі, 2/2-үй.

20. «Equitas Legal» ЖШС (БСН 241140004827) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Ұлы дала даңғылы, 70-үй, 6-пәтер.

24. «Технұр» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 251240022189) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Өргебас ауылы, Мәдениет көшесі, 17-үй, 160532.

Баспасөз – 2027

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.
Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

25. «Авто Микс company» ЖШС (БСН 210940026702) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Б. Момышұлы көшесі, 30А, 47-кеңсе, тел. +7(908)315-03-85.

31. «Жүрсін» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 170140031036) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Мастексай ауылы, Қ. Рысқалиев көшесі, 14-үй, 2-пәтер.

34. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 24 қазандағы № 894 «Квазимемлекеттік сектор субъектілері мен мемлекеттік меншік объектілерін оңтайландырудың кейбір мәселелері туралы» қаулысына қоса берілген таратылуға жататын ұйымдар тізбесінің 97-тармағына, сондай-ақ Абай облысы Семей қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 5 қазандағы № 1150 «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Келешек» көпсалалы пайдалану кәсіпорны» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын тарату туралы» қаулысына сәйкес, (БСН: 220240016236) «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) осы арқылы «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқындағы «Келешек» көпсалалы пайдалану кәсіпорны» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының таратылатынын хабарлайды. (БСН: 090940003092). Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысы, Семей қаласы, Тәңірбергенов көшесі, 1, 2-қабат. Тел. 8 (7222) 30-41-40.

МҰРАГЕРЛІК

7. 24.03.2026 ж. қайтыс болған Ермаганбетов Сабыр Орынбасаровичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

8. 01.05.2026 ж. қайтыс болған Әшірова Шолпанның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

10. 08.05.2026 ж. қайтыс болған Нурымгереева Галина Калияевнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 18/66 мекенжайында орналасқан нотариус Л.С.Суйеубаеваға хабарласуы қажет. Тел. 8 778 000 27 27.

11. 26.04.2026 ж. қайтыс болған Ерғалиұлы Махамбетқалидің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағы Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды қаласының мамандандырылған тергеу сотының судьясы Исламхан Амангелдіұлы Есенбаевқа жұбайы

Гүлнәр Темірболатқызының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What’sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорган қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

Trade and Service ЖК, Алматы қаласы, мкр. Жетысу-3, д.55/133, тел. 87475501070

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Есенгүл КӘПҚЫЗЫ, *медиа зерттеуші, профессор:*

«ҚИЫНЫ – ҒЫЛЫМДАҒЫ «ПСЕВДО ЖОЛМЕН» КҮРЕСУ»

(Соңы. Басы 1-бетте)



2019 жылы білім беру орталығын құрып, тренингтер өткізе бастағанда, журналистердің ақпаратты қалай бастауды, лидті қарапайым мәтіннен айыруды білмейтінін, фактімен жұмыс істемейтінін байқадым. Осы жағдай мені зерттеуге жетеледі. Университеттерде сабақ бере бастаған соң, ғылымдағы плагиатқа да тап болдым: біреудің еңбегінен шала-шарпы көшіріп, өз еңбегі ретінде ұсынатындар аз емес екен. Мұны көріп өз бетімше зерттеу жасағым келді.

Бірақ ғылымға деген қызығушылығыма Ұлыбритания сапары айтарлықтай әсер етті. 2019 жылы «Болашақ» стипендиясын жеңіп, Ньюкаслға барғанда, тек бір терминді түсіндіруге қаншама еңбек жазылғанын көрдім. Ал бізде олардың бірде-бірі жоқ. Ньюкаслдағы магистратурада «Media Analysis» сабағынан түсінгенім: біз медиа аудиторияны қалай басқарылатынын, қалай манипуляция жасалатынын, пропаганда құралдары қалай қолданылатынын зерттемей, көзді жұма қарайды екенбіз. Билігі, күші, ақшасы барлар осы зерттелмеген саланы өз мүддесіне пайдаланады. «Мен медиа зерттеуші боламын» деп сонда шешім қабылдадым.

– Ғылыми ізденістегі қиындықтар неге үйретті?

– Менің ғылыми ізденісімнің тарихы ұзақ емес. Университетті бітіре салып ғалым болған жоқпын: 2001 жылы әдебиеттен кандидаттық диссертация қорғағаныммен, практикада, өндірісте қызмет еттім, интернеттегі алғашқы сайттардың бірінің редакторы болдым. Ғылымға шындап бет бұрғаныма 5 жыл. Бірақ бұл жылдар жеміссіз болмады: екі Scopus мақаласын жарияладым. Біріншісін төрт автор болып жаздық, мен үшінші автор болдым, бірақ көп нәрсе үйрендім.

Қиыны – ғылымдағы «псевдо жолмен» күресу. «Scopus-қа мақала шығару үшін пәленбай мың доллар төледім» дейтіндерді естіп, таңғалатынмын. Кейін түсіндім: бұл жыртқыш журналдар (predatory journals) арқылы жасалатын жалған жол. Мақаласы кейін тізімнен түсіп қалса да, студенттерге адалдықты үйретіп жүрген «ұстаздар» аз емес. Біз «бірінші ғылымды өзіміз жазуымыз керек, ешкімге ақша төлемейміз, «ақшасын беремін, қоса салшы» дегендерді қоспаймыз» деп шештік.

Қиындықтың тағы бірі – әлемдік талаптарға сай мақаланы бастап жазу. Магистратурада диссертация жазбағанмын, бірақ 3 эссе (3 000-нан бастап 10 000 сөзге дейін) тіліме, жазу іскерлігіме, дереккөзбен жұмысқа көп көмектесті. 2022 жылы Қазақстанға ораладым, 2023 жылы алғашқы мақаламыз Scopus-қа енетін беделді халықаралық журналда шықты. Екінші мақала 2025 жылдың қаңтарында жіберіліп, 12 айдан кейін, 30 желтоқсанда қабылданды да, 2026 жылдың ақпанында жарияланды. Ол жерде мен бірінші автормын.

Ақша мәселесін де түсіндіре кетейін. Дұрыс жазылған мақаланы Scopus-тың ешбір журналы қалдырмайды, ол үшін төлемейсіз. Ақшаны тек ашық қолжетімділік (Open Access) үшін төлейді: мақаланы кез келген адам оқи алады, оқылым мен дәйексөз көбейеді, ғалымның Хирш индексі өседі. Біздің мақала үшін 3 000 фунт төлеу керек болды, біз оған мүмкіндік таппай, бас тарттық. Қазір оны оқу үшін 56 фунт төлеу керек. Ірі жоба жоспарлайтындар қаражатты осы ашық қолжетімділікке жұмсасын, мақаланы біреуге жаздыруға емес.

– Ғылымда, журналистикада нәзік жандыларға кедергі көп пе?

– Журналистикада қиын кездер көп болды. Патриархалдық қоғамда әйелдің өз үнін ешкімнің қолдауынсыз, сүйемелдеуінсіз қалыптастыруы өте қиын. Журналисті аяғы асырайды дейміз ғой, яғни іздену, сапарға шығу керек. «Болашақ» бағдарламасымен алғашқы тіл курсына да жалғыз кеттім. Бәрінде өкінбей қолдап, жіберіп отырған жолдасыма алғысымды айтқым келеді. Әйел адамға осындай қолдаушы керек шығар. Біздің қоғам әйелдің үнін естуге, істеп жатқан ісін көзге ілуге әлі де асықпайды, біз сондай қоғамда өмір сүріп жатырмыз.

– Ғылымға арнаған жылдарыңызда нені құрбан еттіңіз?

– Нені құрбан еткенімді айта алмаймын, өйткені ғылымға кеш келдім. Құрбыларым мен курстастарымның бәрі қазір профессор, ал мен жаңа бастап жатқанда олар атағын алып қойған болатын. Бірақ отбасым мен балам маған кедергі болмады, жұмысымды түсінді. Сондықтан бұл жолға ештеңені құрбан еткен жоқпын деп есептеймін.

– Ең қымбат нәтиже қайсы?

– Үш нәтижем бар: екі Scopus мақаласы және «Медиа мәтінді талдау әдістері» атты ғылыми монографиям. Зерттеу әдістері пәнінен сабақ беремін, бірақ қазақ тілінде зерттеуді қадамдап үйретін дайын оқулық жоқ. Осыдан кітап туды. Қазақ журналистикасы мен медиа зерттеулерінде мұндай ауқымды еңбек жарияланбаған екен. Кітаптың тұсаукесері Ұлттық кітапханада өтті. Студенттеріммен бірге жарияланған зерттеулеріміз бар, оларды тәрбиелеп жатқанымыз қуанамын.

Жас зерттеушілерге тілегім: табанды болыңыз, адал болыңыз. Псевдо жолмен атақ іздемеңіз, адал еңбекпен ғылым ізденіс жасаған адамның маңдайы жарқын, беделі биік болады.

Есенгүл Кәпқызының әңгімесін тыңдап отырғанда бір ой келді: ғылымдағы әйелдің жолы жеңіл емес. Статистика әйелдердің ғылымда көп екенін айтады. Ал оның сапасын, яғни кімнің үнінің естілетінін, кімнің жолы адал екенін өмір көрсетеді.

Асыл АРМАНҚЫЗЫ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Журналистика факультетінің
4-курс студенті

Қиыны – ғылымдағы «псевдо жолмен» күресу. «Scopus-қа мақала шығару үшін пәленбай мың доллар төледім» дейтіндерді естіп, таңғалатынмын. Кейін түсіндім: бұл жыртқыш журналдар (predatory journals) арқылы жасалатын жалған жол. Мақаласы кейін тізімнен түсіп қалса да, студенттерге адалдықты үйретіп жүрген «ұстаздар» аз емес. Біз «бірінші ғылымды өзіміз жазуымыз керек, ешкімге ақша төлемейміз, «ақшасын беремін, қоса салшы» дегендерді қоспаймыз» деп шештік.

БЕЗБЕН

АҚЫЛЫ МЕКТЕПТЕГІ БАҒА САПАҒА САЙ МА?

Білім беру жүйесі кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер ететін маңызды саланың бірі. Қазақстанда да білім сапасын арттыру, заманауи оқыту әдістерін енгізу және оқушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінуде. Осы тұрғыда ақылы жекеменшік мектептердің саны артып, оларға деген қызығушылық күшейіп келеді. Алайда ақылы мектептердің бағасы білім сапасына сай ма? Ол жағын тап басып айту қиын.



Ақылы мектептердің білім беру жүйесіндегі орны, олардың мемлекеттік мектептерден айырмашылығы және оқу ақысының білім сапасына қаншалықты сай келетіні туралы мәселені тереңірек түсіну мақсатында «QAZBILIM GROUP» компаниясының басқарма төрағасы Аятжан Ахметжанұлын сөзге тарттық. Білікті маманның айтары мынау:

Сұраныстың артуына себеп не?

Ақылы мектепке деген сұраныстың өсуіне түрткі болған бірнеше себеп бар. Біріншісі – мектеп тапшылығы. Әсіресе, ірі қалаларда екі немесе үш ауысымда жұмыс істейтін мектептер бар. Сыныптағы оқушы санының көптігі де білім сапасына тікелей әсер етеді. Бір сыныпта 30-40 оқушының білім алуы мұғалімнің әр балаға жеке көңіл бөліп, оның қабілеті мен қажеттілігіне қарай жұмыс істеуін қиындатады. Мектептің бірнеше ауысымда жұмыс істеуі де оқу процесіне кедергі келтіреді. Ал жекеменшік мектептердің көпшілігінде сыныптағы оқушы саны 20-ға жетпейді, сондай-ақ балалар толық күн білім алады. Бұл ата-аналар үшін маңызды артықшылықтың бірі. Өйткені баланың қауіпсіздігі, сапалы білім алуы және бос уақытының тиімді ұйымдастырылуы – әрбір ата-ана үшін маңызды.

Екінші себеп – ата-аналардың уақыт тапшылығы. Қазіргі ата-аналардың басым бөлігі жұмысбасты, баласына үнемі көңіл бөлуге мүмкіндігі бола бермейді. Мемлекеттік мектепте оқитын балалардың ата-аналары оларды сабақтан кейін спорттық және өнер үйірмелеріне, пәндік курстарға, ҰБТ-ға немесе НЗМ-ге түсуге дайындайтын қосымша сабақтарға апарып, көп уақытын жұмсайды. Мұның өзі ата-анаға да, балаға да қосымша салмақ түсіреді. Сондықтан баласының күні бойы қауіпсіз ортада болып, білім алып, жан-жақты дамығанын қалайтын ата-аналар толық күндік жекеменшік мектептерге жүгінеді.

Үшінші себеп – білім сапасына деген сұраныс. 2017 жылдан бері мектептің Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері үшін жауапкершілігіне қатысты тәсіл өзгерді. Ата-аналар баласының оқу үлгерімі мен болашақтағы нәтижесіне көбірек мән береді. Ал жекеменшік мектептер, әдетте, білім беру нәтижесіне қатысты ата-аналардың жоғары талабын ескеріп, осы бағытта жұмыс істеуге ұмтылады.

Ақылы мектеп пен мемлекеттік мектептің айырмашылығы неде?

Жекеменшік және мемлекеттік мектептің басты айырмашылығы – оқу процесін ұйымдастырудан, сыныптағы оқушы санынан, материалдық-техникалық базадан және қосымша білім беру мүмкіндігінен көрінуі мүмкін. Мәселен, көптеген жекеменшік мектеп бір ауысымда жұмыс істейді, сыныптағы оқушы саны салыстырмалы түрде аз. Сонымен қатар, оқушылардың жан-жақты дамуына бағытталған спорттық, шығармашылық және пәндік үйірмелер мен секциялар қарастырылуы мүмкін. Бұған қоса, толық күндік оқу форматы ата-анаға қолайлы. Дегенмен бұл ерекшеліктің барлығы әр мектепте бірдей емес. Мемлекеттік мектептердің арасында да білім беру сапасы жоғары, оқушылардың дамуына қажетті жағдай жасалғандары бар. Сондықтан мектептің мемлекеттік немесе жекеменшік болуы оның білім сапасын өздігінен анықтамайды.

Оқу ақысы сапаға сай ма?

Жекеменшік мектептегі оқу ақысының жоғары болуы білім сапасының жоғары екеніне кепілдік бермейді. Ата-ана жекеменшік мектепке ақы төлегенде, тек білім үшін ғана емес, баласына жасалған жағдай, жайлы әрі қауіпсіз орта, жеке көңіл бөлу мүмкіндігі және оның жан-жақты дамуына арналған бағдарламалар үшін де төлейді. Әр мектептің баға саясаты мен қызмет көрсету деңгейі әртүрлі. Бір мектепте жоғары оқу ақысы материалдық-техникалық базаның сапасына, екіншісінде қосымша білім беру бағдарламасына немесе оқушыға жеке қолдау көрсетуге байланысты болуы мүмкін. Әрине, жекеменшік мектептер баланың жан-жақты дамуына қосымша мүмкіндіктер ұсына алады.

Қазіргі таңда Қазақстанда жекеменшік мектептердің оқу ақысы әртүрлі. Олардың арасында салыстырмалы түрде қолжетімді бағамен білім беретін мектептер де, жылдық оқу ақысы 20 миллион теңгеге дейін жететін мектептер де бар. Оқу ақысы ұсынылатын білім сапасына сай келетін мектептер де, баға мен білім беру нәтижесінің арасындағы сәйкестігі сұрақ туғызатын мектептер де болуы мүмкін. Мұнда бір ғана өлшемге сүйеніп қорытынды жасауға болмайды. Негізі білім сапасы мектептің меншік нысанына емес, басқару жүйесіне, менеджментіне байланысты. Мемлекеттік мектеп арасында да, жекеменшік мектеп арасында да білім беру процесін тиімді ұйымдастырып, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп отырған оқу орындары бар. Сонымен қатар, екі секторда да жетілдіруді қажет ететін мектептер кездеседі. Сондықтан барлық жекеменшік мектептің оқу ақысы білім сапасына толық сай келеді немесе керісінше, ешқайсысы сай емес деп кесіп айту қате. Әр мектепті жеке қарастырып, оның білім беру нәтижелерін, мұғалімдерінің біліктілігін, басқару жүйесін, тәрбие жұмысын және оқушыларға жасалған жағдайды кешенді түрде бағалау қажет.

Түйін

«QAZBILIM GROUP» компаниясының басқарма төрағасы Аятжан Ахметжанұлы атап өткендей, білім сапасы мектептің мемлекеттік немесе жекеменшік болуына ғана емес, ең алдымен оны басқару жүйесіне, оқу процесінің ұйымдастырылуына және мұғалімдердің кәсіби деңгейіне байланысты. Ең маңыздысы – баланың сапалы білім алуы, тұлғалық дамуы және болашағына қажетті мүмкіндіктің жасалуы. Өйткені білімнің құндылығы оның бағасымен емес, балаға беретін нәтижесімен өлшенеді.

Аида НҰРМАНҚҰЛ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Журналистика факультетінің
4-курс студенті

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6218 дана
Апталық таралым 12436 дана

Тапсырыс № 153 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талаптілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31